

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Ш.ЕСЕНОВ АТЫНДАҒЫ КАСПИЙ МЕМЛЕКЕТТІК ТЕХНОЛОГИЯЛАР ЖӘНЕ
ИНЖИНИРИНГ УНИВЕРСИТЕТІ**

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИНСТИТУТ

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ КАФЕДРАСЫ

АЙМУХАНОВА А.А., НҰРДӘУЛЕТОВА Б.І.

**ПРАКТИКАЛЫҚ ҚАЗАҚ ТІЛІНЕН
ЖАТТЫҒУЛАР ЖИНАҒЫ
(ФОНЕТИКА, ЛЕКСИКА, СӨЗ ҚҰРАМЫ)**

Ақтау - 2009

Практикалық қазақ тілінен жаттығулар жинағы (фонетика, лексика, сөз құрамы). Әдістемелік-көмекші құрал. Құрастырған: А.А.Аймуханова, Б.І.Нұрдәулетова. Ақтау, 2009. 59т.

Қазақ тілін үйренуге септігі тиетін бұл әдістемелік құрал әртүрлі тапсырмалар мен жаттығулар орындау, мәтіндерді аудару, өз бетімен сөйлем құрастыру, өлеңдерді жаттау, мақал-мәтелдермен және фразеологизмдермен жұмыс жасау, сөздіктерді пайдалана білуге үйрету негізінде құрастырылды.

Бұл еңбек жоғары оқу орындарының барлық мамандықтарында оқитын бастауыш топ студенттеріне қазақ тілін оқытуға, үйретуге арналып жазылған.

Әдістемелік құрал оқытушыларға, студенттерге және барлық тіл үйренушілерге қосымша көмекшілік қызмет атқарады.

Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университетінің оқу-әдістемелік кеңесінің шешімімен ұсынылды.

Пікір жазғандар:

© Ш.Есенов атындағы КМТЖИУ

АЛҒЫ СӨЗ

Қоғам дамуындағы болып жатқан оң өзгерістер мен сандаған жаңалықтар тілдің қарым-қатынас жасауда аса маңыздылығын, өміршеңдігін танытып отырғандығы аян. Сондықтан да, қазақ тілін мамандыққа қатысты қарым-қатынас, байланыс жүйесімен оқыту – тіл үйретудің бірден-бір жетілген әдістемелік негізі болып табылмақ. Ғылым мен әдістемелік саласындағы соңғы жетістіктерге сүйене отырып, жоғары оқу орындарында қазақ тілі саналы меңгертіліп, оны тәжірибе жүзінде шығармашылықпен пайдаланып, іске асырылуы тиіс.

Ұсынылып отырған еңбек «Практикалық қазақ тілі» пәні оқытылатын орыс бөлімдеріне арналған.

Бұл әдістемелік көмекші құралда қазақ тілінің фонетика, лексика, сөз құрамы салалары бойынша жаттығулар жинағы топтастырылған.

Әрбір жекелеген тапсырмалар соңында халқымыздың ауыз әдебиетінің аса бай қазынасының бірі болып саналатын мақал-мәтелдер де студент ізденуіне беріліп отыр. Мақал-мәтелді қолданып отыру дағдысын қалыптастыру, тақырып бойынша әңгіме құрастыру, шығармалар жаздыру арқылы тіл дамыту, өлеңдер жаттату, өлеңнің мазмұнын қара сөзбен айтқызу, мәнерлеп оқыту, сөздердің толық мағынасын жете түсіну, дыбыстарға фонетикалық талдауды сауатты меңгерту мақсаты көзделген.

Кейбір жекеленген тақырыптардың мазмұнына байланысты сұрақтар, тапсырмалар, жаттығулар, студенттердің өз ойларын жинақтап, сөйлем құрастыра білу, тұтас мәтіндерге аударма жұмыстарын жүргізу де ескерілген.

Әдістемелік көмекші құралда қамтылған тапсырмалар қазақ тілін тез үйренуге, ауызекі сөйлесу тілін меңгеруге, есте сақтауға арналған.

Демек, ұсынылып отырған еңбек оқытушыларға да, студенттерге де көмекші құрал ретінде пайдалануға болады.

ҚАЗАҚ ТІЛІ – МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ

№ 1-тапсырма. Мәтінді мәнерлеп оқып, аудар. Мазмұнын қазақша айт.

Қазақ тілі

Қазақ тілі – қазақ халқының ана тілі. Ол өзінің сан ғасырлық дамуы барысында рулық тіл дәуірін де, тайпалық тіл дәуірін де, халықтық тіл дәуірін де басынан кешірді. Қазіргі қазақ тілі - өркендеген мәдениеттің тілі, ғылым мен публицистиканың, ресми іс қағаздарының тілі болып, стиль жағынан жан-жақты сараланады. Ол – сөздік жағынан мейлінше байыған, грамматикалық құрылысы барынша дамыған оралымды тіл.

1989 жылы қыркүйектің 22-сі күні «Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы» Заң қабылданып, қазақ тілі Қазақстан Республикасының мемлекеттік тіл мәртебесіне ие болды. Кейін 1993 жылы қаңтардың 28-і күні бұл статус Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясында тұрақталып, бекітілді.

Қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту, мәртебесін арттыру, әрі Қазақстан халықтарының ұлттық тілін дамыту мақсатымен Республикада «Тілдерді қолдану мен дамыту бағдарламасы» жасақталды.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 1998 жылғы қаңтардың 20-сі күнгі Жарлығына сай жыл сайын қыркүйектің 22-сі күні – «Қазақстан халықтарының тілдері күні» ретінде республика көлемінде аталып өтіле бастады. Осы жылдан бастап еліміздің барлық елді мекендерінде, ел ордасы Астанада тіл мерекесі апталықтарын, әр түрлі шараларды өткізу дәстүрге айналды. Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі басшылығымен жыл сайын қыркүйектің 21-27 күндері Астанада көркем шығармаларды мәнерлеп оқудан көрнекті жазушы Оралхан Бөкеев атындағы Республикалық байқау өткізіліп жүр.

№ 2-тапсырма. Мәтінді мәнерлеп оқып, аудар. Мазмұнын қазақша айт.

«Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы» Заңнан үзінділер.

4-бап. Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі

Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі – қазақ тілі. Мемлекеттік тіл – мемлекеттің бүкіл аумағында қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылатын мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін жүргізу және іс қағаздарын жүргізу тілі.

Қазақстан халқын топтастырудың аса маңызды факторы болып табылатын мемлекеттік тілді меңгеру – Қазақстан Республикасының әрбір азаматының парызы.

Үкімет, өзге де мемлекеттік, жергілікті өкілді және атқарушы органдар:

- Қазақстан Республикасында мемлекеттік тілді барынша дамытуға, оның халықаралық беделін нығайтуға;
- Қазақстан Республикасының барша азаматтарының мемлекеттік тілді еркін және тегін меңгеруіне қажетті барлық ұйымдастырушылық, материалдық-техникалық жағдайларды жасауға;

- Қазақ диаспорасына ана тілін сақтауы және дамыту үшін көмек көрсетуге міндетті.

№ 3-тапсырма. Тіл туралы айтылған пікірлермен танысып, оларды аудар. Өзіңе ұнаған пікірлерді жадына сақта.

- Тәрбие басы – тіл. (М.Қашқари)
- Тіл жоқ жерде ұлт жоқ. (Ш.Айтматов)
- Халықтың мәңгі ғұмыры – оның тілінде. Әрбір тіл өзінің халқы үшін – Ұлы. (Ш.Айтматов)
- Өз ана тілінді қадір тұтпай тұрып, ел-жұртыңды сүйе алмайсың. (К.Паустовский)
- Ана тілін білмейтін адам мәдениетті адам санатына қосылмайды. (М.Әуезов)

№ 4-тапсырма. Мәтінді қазақ тіліне аудар. Жазушының ана тілі туралы пікірлерімен таныс.

В рамках программы ЮНЕСКО в 2002 году был отмечен юбилей выдающегося классика казахской литературы Габита Махмудовича Мусрепова. Повсеместно в Казахстане проводились вечера памяти, праздники, тои, посвященные знаменитому писателю. Его произведения знают не только в нашей стране, но и по всему бывшему Советскому Союзу, некоторые из них вошли в золотой фонд казахской культуры. Творчество Габита Мусрепова известно многим.

- Ана тілі дегеніміз – сол тілді жасаған, жасап келе жатқан халықтың баяғысын да, бүгінгісін де, болашағын да танытатын, сол халықтың мәңгілігінің мәселесі. Ана тілін тек өгей ұлдары менсінбейді, өгей ұлдары ғана оны аяққа басады.
- Ана тілінен айырылған адам өз халқы жасаған мәдени мұраның бәрінен құралақан қалады.
- Ана тілін құрметтемеу – ештеңені сыйламау деген сөз. Жастар мұны қатты ескеруі керек.

№ 5-тапсырма. Мәтінді оқып, аудар. Өзіңе ұнаған мақал-мәтелдерді жатта. Тіл туралы, ана тілі туралы қазақ және орыс мақал-мәтелдерге мысал келтір.

Татар мақал-мәтелдері

Татар халқының ауыз әдебиетімен танысқан әрбір қазақ оқырманы өз ана тілінде оқығандай әсерге бөленеріне күмән жоқ. «Алыпмәншән» («Алпамыс»), «Урак белән Мамай» («Орақ-Мамай»), «Кузы Көрпә бәлән Баянсылу» («Қозы Көрпеш – Баян сұлу»), тағы сол сияқты көптеген ортақ жыр, дастандарымыз да біздің тілі де, діні де бір туысқан екендігімізді айғақтай түседі. Қандас екі

халықтың ғасырлар қатпарынан жеткен өрнекті сөздерін де ортақ рухани мұрамыз деп қарастырудың еш артығы жоқ.

- Алтыда білген ана тілің алпысыңда ұмытылмас.
- Бал тамған тілден у да тамар.
- Кісінің көңілі тілінен танылады.
- Тәттіден тәтті – тіл, ащыдан ащы – тіл.
- Білгенінді сөйлеме, не сөйлегенінді біл.
- Бір сөзді көтере алмаған кісі көп сөзді көтеруге мәжбүр болады.
- Құлақтан кірген салқын сөз жүрекке барып қырау болып тұрады.

№ 6-тапсырма. Өлеңді мәнерлеп оқып, жатта. Мазмұнын орысша айт.

Ана тілі

Ақыл-ойын дананың
Ана тілден аламын,
Ана тілі ардақты,
Ақ сүтіндей анамның.

Өсірген ой білімді,
Сүйем туған тілімді.
Мақсат етем әр сөздің
Мәнін терең білуді.

(Ә.Табылдиев)

ФОНЕТИКА

§ 1. Фонетика туралы ұғым. Қазақ тіліндегі дауысты дыбыстар жүйесі.

Фонетика (гректің *phonetikos* – «дыбыс» деген сөзінен алынған) – тіл ғылымының тілдегі дыбыстық жүйесін зерттейтін саласы. Ол тіл дыбыстарын, екпін мен буынды, олардың құрамын, тілдегі дыбыстардың өзгеру заңдылықтарын зерттейді.

Сөз **дыбыстардан** құралады. Дыбысты белгілеу үшін қабылданған шартты белгіні **әріп** дейміз. Қазақ тіліндегі дауысты дыбыстардың бір ерекшелігі – **буын** құрайтындығы. Демек, сөзде қанша дауысты дыбыс болса, сонша буын болады. **Екпін дегеніміз** – бірнеше буынды сөздердің бір буыны қалған буындардан күшті айтылып, айқынырақ естілуі.

Дауысты дыбыстар дегеніміз – ауа өкпеден кедергісіз шығып, үннен тұратын дыбыстар. Қазақ тіліндегі дауысты дыбыстар жасалуындағы сөйлеу мүшелерінің қатысына қарай 6 топқа бөлінеді.

Еріннің қатысына қарай		Жақтың қатысына қарай		Тілдің қатысына қарай	
Еріндік	Езулік	Ашық	Қысаң	Жуан	Жіңішке
О, Ө, У, Ұ, Ү	А, Ә, Э, Ы, І	А, Ә, Э, О, Ө	У, Ұ, Ү, Ы, І, И	А, О, Ы, И, Ұ, У	Ә, Ө, І, И, Е, Ү, Ү

№ 1-жаттығу. Мәтінді мәнерлеп оқып, аудар. Мәтін ішіндегі дауысты дыбыстардың еріннің қатысына қарай (еріндік-езулік) түрлерін ажырат.

Күз келді. Жаңа оқу жылы басталды. Балалар – мектепке, студенттер – колледжге, университетке барды. Олар әдемі киінген, көңілді. Оқушылар қолдарына портфель, гүл ұстаған. Оларды білім ордаларында мұғалімдер мен оқытушылар қарсы алды. Салтанатты жиын өтті. Қоңырау соғылды. Оқушылар – сыныпқа, студенттер – дәрісханаға кірді. Сабақ басталды.

№ 2-жаттығу. Өлеңді мәнерлеп оқып, жаттап ал. Өлең мәтініндегі дауысты дыбыстардың жақтың қатысына қарай (ашық-қысаң) түрлерін ажырат.

Күз

Көк майсалы көрікті,
Алқаптағы көп егін.
Бұл күндері киіпті,
Сары жібек көйлегін.

Жел тынымсыз гуілдеп,
Болып кетті тым бұзық.
Шуылдайды тал, терек,
Жапырағын жұлғызып.

(Ғ.Мүсірепов)

№ 3-жаттығу. Өлеңді мәнерлеп оқып, жаттап ал. Өлең мәтініндегі дауысты дыбыстардың тілдің қатысына қарай (жуан-жіңішке) түрлерін ажырат.

Мұғалім

Нұр шуағын түсірген,
Бала жанын түсінген.
Мектепте де, сыртта да.
Үлгі болған ісімен.
Білім нәрін сыйлаған,
Көпке ол әр кез сыйлы адам.
Оң жол тілеп шәкіртке,
Жамандыққа кимаған.

(Н.Жанаев)

§ 2. Қазақ тіліндегі дауыссыз дыбыстар жүйесі

Дауыссыз дыбыстар дегеніміз - өкпеден шыққан ауаның кедергіге ұшырап шығуынан жасалатын дыбыстар. Дауыссыз дыбыстар үн мен салдырдың қатысына қарай 3 топқа бөлінеді.

<i>Салдырдан тұратын дыбыстар</i>	<i>Салдыр мен үннен тұратын дыбыстар</i>	
	<i>Үннен салдыры басым</i>	<i>Салдырдан үні басым</i>
<i>Қатаң</i>	<i>Ұяң</i>	<i>Үнді</i>
<i>К, Қ, П, С, Т, Х, Ц, Ч, Ш, Щ</i>	<i>Б, В, Г, Ғ, Д, Ж, З, Ы</i>	<i>Л, М, Н, Ң, Й, Р, У</i>

№ 1-жаттығу. Мәтінді оқып, орыс тіліне аудар. Мәтін ішіндегі дауыссыз дыбыстардың түрлерін (қатаң, ұяң, үнді) ажырат.

Ұстаз лекциясында

Қоңырау соғылды. Аудиторияға қазақтың ұлы жазушысы, академик, профессор Мұхтар Омарханұлы Әуезовтің өзі кіріп келе жатты. Бәріміз уәделескендей, біз орнымыздан қалай тұрғанымызды, ол кіргенде бір кісідей қол шапалақтағанымызды өзіміз де аңғармаппыз. Мұқаң басын сәл иіп, кафедраға қарай жүріп бара жатты. Алғаш сәл бөгелгендей болды. Әйтеуір жүзі бал-бұл жанып, бізге риза көңіл білдіріп, залдың төріндегі столға келді де, оқитын лекциясын бастап жүре берді. Біз қазақ ауыз әдебиеті деген мұхитта Ұлы Әуезовпен бірге Арман кемесіне мініп ап, алысқа қарай тарта жөнелдік.

(Т.Молдағалиев)

№ 2– жаттығу. Мәтінді аудар. Қатаң дауыссыз дыбыстардың астын бір, ұяң дауыссыз дыбыстардың астын екі, үнді дауыссыз дыбыстардың астын ирек сызықпен көрсет.

Языков на свете очень много – свыше двух тысяч. Точно установить их количество пока не удалось. В глубокой древности языков было меньше. Но потом народы, расселяясь по миру, разделились. Стали забывать и изменять язык предков. Так из одного языка получилось сначала два, потом несколько языков. Поэтому и существуют языки-родичи. Они произошли от общих предков.

Есть языки, на которых говорит великое множество людей. Китайским языком пользуется почти одна пятая часть человечества. 270 миллионов говорят по-английски, 130 миллионов по-русски.

§ 3. Қазақ тіліне тән дыбыстар

№ 1-жаттығу. А-Ә дыбыстарының емлесіне назар аударып, оқы. Үлгіні пайдалана отырып, оларды орыс тіліне аудар, сөйлем құрастырып жаз.

Үлгі: Аң (зверь) - ән (песня). Манайда құстардың қаңқылдап, аңдардың ырылдап, ұлығаны естілді. – Майра Мұхамедқызы Францияда әлемге әйгілі Рональдо Аланье, Анжело Жоржью, Марчело Альварес сияқты ұлы әншілермен бірге ән айтқан.

Аң - ән, аңшы - әнші, ал - әл, ар - әр, ай - әй, ақ - әк, бас – бәс, сан – сән, бары – бәрі.

№ 2-жаттығу. Көп нүктенің орнына А-Ә әріптерінің тиістісін жаз. Өзің қалаған 5 сөзбен сөйлем құрастыр.

Мұғ...лім, ұст...з, ш...кірт, ғ...лым, д...нышпан, ...дебиет, м...дениет, т...рих, м...қал, м...тел, с...бақ, т...қырып, т...псырма, т...қпақ, т...қта, д...птер, кіт...п, қ...лам, ...ліпби, ...ріп, ...қыл, ...скер, с...рбаз, ...нт, п...рыз.

№ 3-жаттығу. Ә әрпімен берілген сөздердің әрқайсысымен тіркесіп келетін зат есім сөздерін тауып, оларды берілген үлгі бойынша жаз.

Үлгі: Әдепті оқушы, әр кез, әдемі сурет...

Әдепті, әр, әдемі, әсем, әдеби, әділ, әйгілі, әкімшілік, әлеуметтік, әлсіз, әлді, әмбебап, әртүрлі, әскери, әрбір.

№ 4-жаттығу. Көп нүктенің орнына **А-Ә** әріптерінің тиістісін жаз. Мәтінді аудар.

Тіл туралы толғаным

Ежелден, атам заманнан тіл – елдің м...дениеті, ...дебиеті, өсіп-өніп, отб...сындағы тіршілігінен бастап, қоғ...м, х...лық, ел-жұрттың, ж...лпы м...дениеттің арнаулы құр...лы – ғылымның атаулы с...ласы екендігі д...усыз. Тіл дегеніміз қай х...лықтың болмасын кешегі, бүгінгі ғана т...ғдыры емес, бүрсүгінгі де т...ғдыры.

Тіл б...йлығы – елдің ...йғағы, көркем ж...не ғылыми ...дебиеті, өнерк...сібі, қоғ...мдық құрылысы, с...лт-с...насы, ж...уынгерлік д...стүрі, т.б. мұр...сы қай д...режеде екенін көрсететін д...лелі, кепілі. Тіл б...йлығы, тіл т...залығы – ұлт қ...сиетінің, с...лт-с...насының негізгі өнегесі, н...ғыз белгісі. ...р тілдің өзінің ырғ...ғы бар.

Қазақ тілі еш у...қытта өзімен көршілес х...лықтың тілдерінен сорлы болып, қ...тардан қалып өмір сүрмегендігі, өз сыб...ғасын ешкімге жібермегендігі мыңдаған жыл т...рихында айқындалған. Біздің тіліміз көркем, б...й. М...селе соны дұрыс п...йдалана білуде. Өз тілінің сұлулығын сезбей, өзге тілдің сұлулығын сезіну екіталай.

(Бауыржан Момышұлы)

№ 5-жаттығу. **О-Ө** дыбыстарының емлесіне назар аударып, оқы. Үлгіні пайдалана отырып, оларды орыс тіліне аудар, сөйлем құрастырып жаз.

Үлгі: От (огонь) - өт (желчь). Қазақ халқында жаңа түскен келінді отқа табындыру салт-дәстүрі бар. – Қасиетті 7 санымен байланысты халқымызда 7 қазына, 7 күн, 7 ғалам, 7 жұт, 7 жоқ т.б. сөздері пайда болған. 7 жоққа мыналар жатады: жерде өлшеуіш жоқ, аспанда тіреуіш жоқ, таста тамыр жоқ, тасбақада талақ жоқ, Аллада бауыр жоқ, аққуда сүт жоқ, жылқыда өт жоқ.

От - өт, ор - өр, ол - өл, оз - өз, он - өң, қол – көл, боз – бөз, бол – бөл, қон – көн, қош – көш, соз – сөз.

№ 6-жаттығу. Көп нүктенің орнына **О-Ө** әріптерінің тиістісін жаз. Өзің қалаған 5 сөзбен сөйлем құрастыр.

Абыр...й, аты-ж...ні, б...лат, б...лашақ, б...бек, б...лме, д...мбыра, д...стық, д...ңгелек, ж...қ, ж...лдама, ж...тел, к...жек, к...белек, к...рме, к...рпе, қ...быз, қ...й, қ...йма, қ...нақ, қ...шқар, м...лшылық, м...лдір, н...сер, ...шақ, ...йын, ...дақ, ...мыртқа, ...рыс, ...лең, ...сек, ...тірік, с...ңғы, с...здік, т...қаш, т...ркін, ш...қ, ш...п.

№ 7-жаттығу. **Ө** әрпімен берілген сөздердің әрқайсысымен тіркесіп келетін зат есім сөздерін тауып, оларды берілген үлгі бойынша жаз.

Үлгі: Өгей шеше, өзімшіл адам, өз үйім...

Өгей, өзімшіл, өз, өзге, өзгеше, өзіндік, өкілетті, өкінішті, өнегелі, өскелең, өте, өткір, өткен, өшпес.

№ 8-жаттығу. Көп нүктенің орнына **О-Ө** әріптерінің тиістісін жаз. Мәтінді аудар.

Мемлекеттік ту

Мемлекеттік рәміздердің б...лмысын, мағынасын жақсы білу – бәріміздің, әсіресе, жас ұрпақтың парызы.

Мемлекеттік ту – мемлекетке тән ресми белгілердің бірі. Мемлекеттік ту мемлекеттік мекеме үйлерінде, шетелдегі елшіліктер мен к...нсульдықтарда, кемелерде т.б. жерлерде к...терілетін арнаулы белгі.

Мемлекеттік тудың түсі, к...лемі, ...ның ...зіне тән белгілері к...нституцияда белгіленеді немесе басқа заңмен бекітіледі.

Қазақстанның Мемлекеттік туы – біркелкі к...гілдір түсті мата. Тудың ...ртасында шұғылалы алтын күн, ...ның астында қалықтап ұшқан қыран бейнеленген, сабының тұсында ұлттық ...рнек салынған.

Тудың біркелкі к...гілдір түсі бірігу идеясын, бейбітшілікті, тыныштық пен жарқын б...лашақты білдіреді. ...рнек – халық ...нерінің к...рсеткіші. Ерте кездегі халықтар ...ю-...рнек жамандықтан қ...рғап жүреді деп есептеген. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік туының авторы – суретші Шәкен Ниязбеков.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туы ...зінің к...ркемділігімен дүние жүзі туларының арасында т...ртінші ...рынға ие б...лып ...тыр.

№ 9-жаттығу. **Ы-І** дыбыстарының емлесіне назар аударып, оқы. Үлгіні пайдалана отырып, оларды орыс тіліне аудар, сөйлем құрастырып жаз.

Үлгі: Орыс (русский) - өріс (пастбище). Шоқанның тарих, география, әдебиет саласындағы еңбектері Петербург ғалымдарының жоғары бағасына ие болып, 20-дан жаңа ғана асқан Шоқан 1857 жылы Орыс география қоғамының толық мүшесі болып сайланды. – Жазда ата-әжемнің аулына барып, үлкен кісілерге көмектесемін: әжем сиыр сауып болған соң, атам екеуіміз қорадағы барлық малды өріске айдаймыз.

Ыс – іс, орыс - өріс, ыста – істе, сыз – сіз, сыра – сірә, тыс – тіс, жылдық – жілік.

№ 10-жаттығу. **Ы, І** әрпімен берілген сөздердің әрқайсысымен тіркесіп келетін зат есім сөздерін тауып, оларды берілген үлгі бойынша жаз.

Үлгі: Ызғар күн, ызғырық жел, ықшам аудан...

Ызғар, ызғырық, ықшам, ылғалды, ынталы, ыңғайлы, ырымшыл, ырысты, ыссы, ілгерінді, іргелі, іркілдек, ірі, іскер, ішкі.

№ 11-жаттығу. Өлеңді мәнерлеп оқып, жатта. Өлеңнен **Ы, І** әріптері бар зат есімдерді теріп жазып, осы сөздермен сөйлем құрастыр.

Ғылым таппай мақтанба,
Орын таппай баптанба,
Құмарланып шаттанба,
Ойнап босқа күлуге.
Бес нәрседен қашық бол,
Бес нәрсеге асық бол,
Адам болам десеңіз,
Оған қайғы жесеңіз.
Өсек, өтірік, мақтаншақ,
Еріншек, бекер мал шашпақ –
Бес дұшпаның, білсеңіз.
Талап, еңбек, терең ой,
Қанағат, рақым, ойлап қой –
Бес асыл іс, көнсеңіз.

(Абай)

№ 12-жаттығу. Көп нүктенің орнына **Ы-І** әріптерінің тиістісін жаз. Мәтінді аудар.

Қазақстан Республикасының Елтаңбасы

Б...зд...ң Елтаңбам...з – шеңбер ...ш...нде. Шеңбер мағ...нас... – т...рш...л...к, шекс...з өм...р дегенд... б...лд...ред... Елтаңбадағ... ең нег...зг... белг... – шаң...рақ. Шаң...рақ – үй, Отан деген ұғ...мд... б...лд...ред... Қазақ халқ...нда «Отан отбас...нан басталад...» деген мақал бар. Отбас... – шаң...рақ, с...зд...ң үй...ң...з. Шаң...рақ – қазақ ел...н...ң белг...с..., рәм...з...

Шаң...рақ әлемд...к геральдика тарих...нда тұңғ...ш рет пайдалан...л...п от...рған бейне. Шаң...рағ... бар елтаңба тарихта болған емес.

Елтаңба композицияс...нда – ай мүй...зд..., алт...н канатт... п...рақ бар. Ұлтт...қ өрнек қазақ халқ...н...ң тұрм...с...мен өте байлан...ст..., ал ат, ж...лқ..., тұлпар – қазақ тұрм...с...н...ң нег...з... Елтаңбадағ... ең баст... белг...н...ң б...р... – бес бұр...шт... жүлд...з бен елд...ң ат... Елтаңбан...ң нег...зг... бояу... – алт...н түстес.

(«Қазақ елін...ң рәм...здері»)

№ 13-жаттығу. Ұ-Ү дыбыстарының емлесіне назар аударып, оқы. Үлгіні пайдалана отырып, оларды орыс тіліне аудар, сөйлем құрастырып жаз.

Үлгі: Ұн (мука) – үн (голос). Қазақ халқының ұннан илеп, майға пісірілетін ұлттық тағамдарына бауырсақ, құймақ, шелпек, қиықша, төңкерме т.б. жатады. – Дауыссыз дыбыстар үн мен салдырдың қатысына қарай қатаң, ұяң, үнді болып үшке бөлінеді.

Ұн – үн, ұш – үш, ұру – үру, күн – күн, құл – күл, тұр – түр, құй – күй, түн – түн, құтты – күтті.

№ 14-жаттығу. Көп нүктенің орнына **У-Ү-Ү** әріптерінің тиістісін жаз. Өзің қалаған 10 сөзбен сөйлем құрастыр.

Ай...ан, аққ..., аңқа..., ар..., а...ыз, әле...мет, ә...лет, ә...ежай, баста...ыш, ба...ырсақ, б...ын, б...ғы, б...зау, б...йрық, б...лб...л, б...рғышы, б...ркіт, б...ршік, г...лшоқ, г...іл, г...рсіл, ғ...лама, да...ыл, да...ыс, д...кен, той-д...ман, д...шпан, д...ние ж...зі, жаз...шы, жалға..., жаттығ..., жер...йық, ж...ма, ж...а, ж...зім, ж...рек, ж...мыртқа, ж...мыс, ж...лдегер, ж...мбақ, за...ыт, кер...ен, к...з, к...зетші, к...әлік, к...йе... бала, к...шік, к...рес, қ...рмет, қа...лы, қа...іп, қ...былыс, қ...ырдақ, қ...да, қ...ймақ, қ...мырсқа, қ...лпынай, мер...ерт, м...з, м...йіз, м...ғалім, м...лік, на...байхана, на...рыз, н...р, н...кте, оқ...лық, өмір с...ру, ра...ан, р...қсат, саңыра...қ...лақ, са...да, с...рет, с...хбат, с...л..., с...т, с...рақ, та...ық, тә...лік, т...ған-т...ысқан, т...лға, т...бір, т...йе, ...ақыт, ...әде, ...лт, ...лы, ...стаз, ...шқыш, ...міт, ...кімет, ш...ақ, ш...ғыл.

№ 15-жаттығу. **У-Ү-Ү** әрпімен берілген сөздердің әрқайсысымен тіркесіп келетін зат есім сөздерін тауып, оларды берілген үлгі бойынша жаз.

Үлгі: Уайымшыл адам, ұлан-байтақ жеріміз, үздік оқушы...

Уайымшыл, уақ, уақытша, улы, ұлан-байтақ, ұзын, ұлттық, ұлы, ұмытшақ, ұялы, үздік, үйленген, үлгілі, үндес, үлкен, үшінші.

№ 16-жаттығу. Көп нүктенің орнына **У-Ү-Ү** әріптерінің тиістісін қойып жаз.

Наурыз мейрамы

На...рыз – барлық т...рік д...ниесінің шаттықпен атап өтетін айрықша бір к...ні, маңызды бір мерекесі. На...рыз – жаңар...дың, Жаңа жылдың, жақсы тілектердің мейрамы. Б...л к...нді д...ние ж...зіндегі м...сылмандар «Жыл басы, жаңа к...н, ...лыстың ...лы к...ні» деп атайды. На...рыз парсы тілінен а...дарғанда «жаңа к...н», «жыл басы» деген мағынаны білдіреді. Б...л к...ні әр ...йдің дастарханында жеті т...рлі тағам болу керек. Солардың ең басы – на...рыз көже. На...рыз көжені с... мен т...здан басқа жеті т...рлі азық қосып пісіреді. Олар ет (қысқы соғымнан қалған қазы, қарта, ш...жық, жал-жая, бас), с...т, айран, қ...рт, тары, бидай т.б. На...рыз көжеге т...ған-т...ысқандардың бәрін шақырады. Тамақ ішкен соң: «...лыс оң болсын! Дастарханың бай болсын! Ақ мол болсын!» - деп

...лкендер бата береді. На...рыз – жыл басы. Б...л к...ні адамзат бір-бірін жаңа жылмен қ...ттықтап, денса...лық, мол бақыт, табыс тілейді. Мейрам солай жалғаса береді. 1988 жылдан бастап б...кіл респ...блика халқы На...рыз мейрамын зор қ...анышпен тойлайды. Қазақ халық к...нтізбесі бойынша жыл көктем айы на...рыздан басталады. Жыл сайын на...рыздың 22-сі к...ні жаңа жыл басы ретінде На...рыз тойы тойланады. Б...л к...н мен т...ннің теңел...іне сәйкес келеді.

№ 17-жаттығу. Мәтінді оқып, аудар. У дыбысы бар сөздерді жазып, ондағы У дыбысының дауысты-дауыссыз дыбыс болуын түсіндір.

Қазақстан Республикасының Әнұраны

Мемлекеттік Әнұран – тәуелсіздік пен егемендіктің музыкалық рәмізі. Мемлекеттік Әнұран әр елде бар. Әнұран – мемлекеттің бірлік белгісі ретінде қабылданған салтанатты ұран өлең. Әнұран қоғамдасуға үндейтін, бірлескен іс-қимылға шақыратын, сана-сезімге психологиялық әсер ету жолымен жігерлендіруге, рухтандыруға бағытталады. Елдің намысын оятып, елдікке, бірлікке, еркіндікке шақыратын үндеу, ортақ қимыл-әрекетке шақыратын дабыл.

Қазақ халқының тарихында ол әртүрлі болған. Соғыс кезінде, жауға қарсы күресте батырлар атын да ұран ретінде қолданған, аруақты аталар мен аналардың атына құрылған ұрандар да болған. Өте көп тараған, барлық қазаққа ортақ ұран – «Алаш» сөзі болған, сондай-ақ «Аруақ» сөзі де ортақ ұран болған.

Қазақстан Республикасының қазіргі Әнұранының сөзін жазғандар: Жүмекен Нәжімеденов, Нұрсұлтан Назарбаев. Әнұранның музыкасын жазған: Шәмші Қалдаяқов.

№ 18-жаттығу. Көп нүктенің орнына **Қ-К** әріптерінің тиістісін қойып, берілген сөздермен «Жыл мезгілдері» тақырыбында шағын әңгіме жаз.

Желто...сан, ...ыс, ...ө...тем, ...үз, ...ыр...үйек, ...азан, ...араша, ...аңтар, а...пан, суы..., ысты..., ...атты аяз, ...оңыр сал...ын, ...үн, ...аранғы, жары..., ...ар, ...ысқа, ұза..., оңтүсті..., солтүсті..., ...ө...өніс, асты..., жылы ...иім.

№ 19– жаттығу. Көп нүктенің орнына **К-Қ** әріптерінің тиістісін қойып жазыңыз. Мәтінді аудар.

Астана – Қазақстанның бас қаласы

Қазақстан Республи...асының бас ...аласы – Астана. Ол – бұрынғы А...мола ...аласы. ...ала 1824 жылы салынған. Тың және тыңайған жерлерді игеру ...ұрметіне А...моланың аты 1961 жылы 24 сәуірден бастап Целиноград деп аталды. Қазақстан Республи...асының астанасы – ең алғашында Орынбор ...аласы, сонан ...ейін ...ызылорда, 1929-1997 жж. аралығында Алматы ...аласы болды. 1997 жылдың 16 желто...санын бастап, Қазақстанның астанасы

А...молаға ...өшірілді. Қазақстан Республ...асы Президентінің Жарлығымен 1997 жылдың 16 желто...санын бастап А...мола ...аласы Қазақстан Республ...асының жаңа астанасы болып жарияланды. Ал Президенттің 1998 жылдың 6 мамырдағы Жарлығымен А...мола ...аласының аты Астана болып өзгертілді. Қазақстан Республ...асының өмірінде бұл – төртінші астана. Астана ...аласының тұсау...есер тойы 1998 жылы 10 маусымында салтанатты түрде аталып өтті. Бұл той ...ұрметіне 20 теңгелі... металл а...ша шығарылды. Той ...үндері «Бас ...ала – Астана балалар ...өзімен» деген та...ырыпта асфальт...а сурет салу ...он...урсы, «Таңғажайып әлем» атты балалар мере...есі, балалар ...өркем өнерпаздарының ...онцерті өткізілді. Республ...а Президенті Н.Ә.Назарбаев: «Жаңа астана – тарихи о...иға. Бұл – елдің өз тәуелсіздігін алып, көк байрағын ...өтергенмен бірдей ...уаныш», - деді. Астананың А...молаға ...өшірілуіне бірнеше себептер болды. Олар: Алматының ...иын э...ологиялық жағдайы, зілзала, сел ...ауіптері т.б. 1998 жылдың 10 шілдесінде өт...ен Қазақстан Республ...асының астанасының тұсау...есер тойынан бері Астана – егеменді Қазақстан мемле...етінің астанасы болып саналады. Астана – ХХ ғасырдың ең жас астанасы ретінде тарих...а енді. Астанамыздың өсіп-өнгені жа...сы, ...ай ел болмасын, бірінші әсер оның астанасын ...өргенге байланысты болады.

№ 20-жаттығу. Көп нүктенің орнына Г-Ғ әріптерінің тиістісін қойып, берілген сөздермен «Менің отбасым» тақырыбында шағын әңгіме жаз.

Ата, әже, әке, шеше, а...а, жең...е, апа, жезде, қарындас, күйеу бала, іні, келін, на...ашы, жо...ары білімді, мұ...алім, ...алым, заң...ер, дәрі...ер, е...де адам, а...айын-тума.

№ 21-жаттығу. Көп нүктенің орнына Г-Ғ әріптерінің тиістісін қойып жаз. Мәтінді аудар.

Ұлылар елі

Әр халықтың тарихында ерекше қадірлі, киелі жерлер бар. Ол – ел өмірінің ұлы белестерін ай...ақтайтын, ұзақ тарихының әй...ілі оқи...алары өткен орындар мен сол халықтың ұлы перзенттерін дүние...е келтіріп, олардың ерлі...і мен ...ажайып талантының ашылуына куә бол...ан мекендер. Қазақтар үшін сондай қасиетті де киелі мекен – Шың...ыстау. Бұл жерде халқымыздың 3 кемен...ер суреткері дүние...е келіп, өздерінің өлмес жырларын тол...а...ан. Олар: Абай, Шәкәрім, Мұхтар. Шың...ыстау сияқты аймақтың 3 алыпты туып, сөз өнерінің әлемдік биі...іне көтеруі азамат тарихында сирек кездесетін құбылыс. Рас, бұл өңірде олардан бұрын да ақын-жыраулар, Кеңгірбай, Өскенбай, Құнанбай секілді даңқты билер де бол...ан. Ақтанберді, Мамай, Тоқтамыс батырлар елінің бостанды...ы үшін қан кешкен. Осы өңірде Шоқан Уәлиханов, Федор Достоевский, Ахмет Байтұрсынов, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Әміре Қашаубаев, Қаныш Сәтпаев сияқты ұлы ...ұламалар мен

ақын-жазушылар, әншілер өмірлерінің талай айлары мен күндерін кешкен. Ертiс суы мен Шың...ыс топыра...ы олардың бойына шапа...ат нұрын құйып, қиялына қанат берiп, көкiрек көздерiн ашқан. Бұл мекендi халық «ұлылар мекенi» дейдi.

(С.Оразалинов)

№ 22-жаттығу. Көп нүктенiң орнына **Н-ң** әрiптерiнiң тиiстiсiн қойып жаз. Берiлген сөздермен «Бiздiң университет» тақырыбында шағын әңгiме құрастырып жаз.

У...иверситет, и...ститут, дека...ат, факультет, мама...дық, кiтапха...а, оқулық, дәрiсха...а, ко...спект, дәптер, қалам, қары...даш, ә...гiме, ә..., бая...дама, бiздi... топ, бiрi...шi курс, дайы...дық, асха...а, де...е шы...ықтыру, зертха...а, де...гей, жа...а тақырып, же...iс, жи...алыс, за...гер, за..., зама..., ке...ес, кәсiпоры..., кү...делiк, кө...iл-күй, мұ...айшы, эки...омист, қо...ырау, мәде...иет, мә...ерлеп оқу, ...ұсқау, ойы..., студе...т.

№ 23-жаттығу. Көп нүктенiң орнына **Н-ң** әрiптерiнiң тиiстiсiн қойып жаз. Мәтiндi аудар.

Алматы қаласы

Алматы – Қазақстанның о...түстiк астанасы, әлемдегi е... әсем қалаларының бiрi. Ол Хан-Тә...iрiнiң сiлемдерi Алатаудың етегiне орналасқан. Қала төбесiнен тө...ген қарлы шы...дардың биiктiгi те...iз биiктiгiмен есептегенде 4000 метрден асады.

Алматының бiздiң эрамызға дейi...гi 6-3 ғасырлардағы қытай және араб қолжазбаларынан қазiргi сақ меке...дерi болғаны белгiлi. Бұл жерден бiздiң зама...ымыздың алғашқы ғасырларында өмiр сүрген үйсi... тұрақтарының қалдығы табылған. Генуаз купецтерiнiң айтуы...ша 8-10 ғасырларда Алматы қалашығы Еуропадан Қытайға барар сауда жолы...дағы бекет рөлi... атқарған. Кейi... Шы...ғыс ха... шапқы...шылығы қаланы қиратып кеттi.

Британ үкiметiнiң Орталық Азияға iшкерiлуiне қарсы, әрi өзiнiң о...түстiк бағыттағы экономикалық және саяси ықпалын күшейте түскен Ресей 1856 жылы Алматы шатқалында алдымен Iле, кейi... Вер...ый деп аталған бекi...iс орнатқан. 1867 жылы бұл бекi...iс қала атағына ие болды.

1921 жылдан бастап Вер...ый Алматы деп аталып, 1929 жылдан бастап Алматы Қазақстанның астанасына айналды. 1993 жылы Республикамыздың тәуелсiздiк алуына байланысты бұға... дейi... орыс тра...скрипциясымен Алма-Ата аталып келген қала аты байырғы Алматы атына ауыстырылды.

Алматы – мәде...иет пен ғылымның ордасы, со...дай-ақ Қазақстанның ө...еркәсiп, қаржы және саяси орталығы. Қалада Медеу мұз айды...ы, Көктөбе аспалы жолы және көптеген мұражай, театр, парк басқа да көрiктi оры...дар бар. Өзге...i қайталамайтын қала сәулетi – жа...а және ескi ала..., «Қазақстан», «Достық», «А...кара» қонақ үйлерi, цирк, М.Әуезов аты...дағы театр т.б. әсем ғимараттар қонақтарға ұмытылмас әсер қалдырады.

№ 24-жаттығу. Көп нүктенің орнына **Х-Һ** әріптерінің тиістісін жаз,
Һ әрпімен жазылған сөздердің мағыналарын түсіндір,
олармен сөйлем құрастырып жаз.

Айда...ар, а...уал, ба...адүр, баспа...ана, гау...ар, жа...ан, жи...аз, жедел...ат,
қа...ар, қа...арлы, қа...арман, қол...ат, мұ...ит, ра...мет, сұ...бат.

№ 25-жаттығу. Көп нүктенің орнына **Х-Һ** әріптерінің тиістісін қойып жаз.
Мәтінді аудар.

Қазақ ...алқы – қа...арман ...алық. Ол өз жерін сырт жаулардан қа...армандықпен қорғаған. ...алқымыздың Қабанбай, Бөгенбай, Наурызбай, Қарасай, Райымбек сияқты ба...адүрлері қол бастап, ұрыстарда жеңіске жеткен. Абылай ...ан билерін, батырларын Түркістан ша...арына жинап, ақылдасып отырған.

Түркістан ша...ары Ұлы Жібек жолында орналасқан. Бұл ша...арға әлемнің түкпір-түкпірінен жи...анкездер, саудагерлер келіп тұрған. Олар гау...ар тасты әшекей бұйымдарын, әсем маталарды, күнделікті тұрмысқа қажет заттарды сатып немесе басқа тауарларға ауыстырып отырған. Бұл ша...арда аты әлемге мәш...үр Қожа А...мет Иассауи өмір сүрген. Оның даналық кітаптары, пайдаланған құралдары мұражайда сақтаулы тұр. Түркістан ша...ары – түркі ...алықтарының мақтанышы.

§ 4. Қазақ алфавиті.

*Сөздер жазу жүйесіндегі белгілі бір тәртіппен тізілген әріптер жиынтығын **алфавит** деп атайды («алфавит» сөзі грек алфавитінің алғашқы әріп атауларынан пайда болған: «альфа» және «бета»).*

№ 1-жаттығу. Мәтінді оқып, аудар. Мазмұнын қазақша айтып бер.

Қазақ жазуы туралы

Қазақ тілі өзінің тарихи даму жолында жазудың бірнеше түрін пайдаланған. Қазақ рулары туысқан түркі халықтарына тең ортақ Орхон-Енисей, Талас және көне ұйғыр жазуларын VІІ-VІІІ ғасырларда қолданған. Бұл жазу тасқа қашалған жазу ескерткіштерінде ғана сақталып қалған.

Мұсылман дінін қабылдаған қазақ рулары араб жазуын пайдалануға көшті. Араб тілінде үш-ақ дауысты дыбыстың таңбасы болса, қазақ тілінде тоғыз дауысты дыбыс бар екені белгілі. Осы қиындықты ескеріп, 1924 жылы араб әріптеріне Ахмет Байтұрсынов ұсынған реформа жасалды. Жаңа араб жазуына негізделген алфавитті «жәдид» (жаңа) деп атап, оны қазақ елі 1929 жылға дейін қолданып келді.

Ал 1929 жылдан 1940 жылға дейін латын әрпімен жазылған қазақ алфавиті пайдаланылды. Бұл алфавиттердің қайта-қайта өзгеруі сол кездегі

тотолитарлық жүйенің саясатынан туған. Қазақ халқы араб әрпімен қалса, дін уағыздалып, ел ішіне кеңінен таралады деп есептеген.

Кеңес үкіметінің тұсында қазақ тіліне орыс сөздері орынды-орынсыз кеңінен енгізілді. Ал бұларды латын әрпімен белгілеу тағы да қиындық келтірді. Сол себептен 1940 жылы қазақ алфавиті орыс графикасына көшіріліп, осы бүгінгі күнге дейін қолданылып келеді.

№ 2-жаттығу. Берілген сөздерді алфавит ретімен жаз. Осы сөздерді қатыстырып «Ақтау қаласы» тақырыбында шағын әңгіме құрастырып жаз.

Облыс, қала, жол, көлік, дүкен, театр, шағын аудан, үй, ғимарат, теңіз, әуежай, Ақтау, Маңғыстау, кішкентай, мұнай, газ, өндіріс, оқу орындары, сауда, шөлдала, тау, ыстық, жел, климат, ауа-райы, әкім, университет, колледж, мектеп, балабақша, халық, ұлт.

№ 3-жаттығу. Өлеңді мәнерлеп оқып, жатта. Өлең мәтініндегі зат есімдерді теріп, алфавит ретімен жаз және олармен сөйлем құрастыр.

Қазақстан

Арыстандай айбаттым,
Жолбарыстай қайраттым,
Аспандаған байрақтым,
Қанша жұлдыз жайнаттың,
Қанша бұлбұл сайраттың,
Қазақстан, ардақтым!

Әрбір тасы – киелім,
Әр уығы – жүйелім,
Ән кернеген жүрегін,
Күй кернеген тиегін,
Сары алтыннан сүйегің,
Қазақстан – жыр елім!

Шаңырағың – шырағым,
Топырағың – тұмарым,
Ғаламда жоқ сыңарың,
Ғажайыбым, жұмағым,
Басы таза бұлағым,
Басылмайтын құмарым,
Қазақстан – қыраным!

(Ұлықбек Есдәулет)

§ 5. Үндестік заңы.

Сөз ішіндегі, сөз бен қосымша, сөз бен сөз арасындағы дыбыстардың бірімен-бірі ұқсауын үндестік заңы деп атаймыз. Үндестік заңы бойынша, сөздің соңғы буыны жуан болса – жуан қосымша, жіңішке болса – жіңішке қосымша жалғанады.

№ 1-жаттығу. Мәтінді дәптеріңе көшіріп жаз. Сөздердегі жуан дауысты дыбыстардың астын – бір, жіңішке дауысты дыбыстардың астын – екі сыз.

Тіл білімінің негізін салушы

Құдайберген Қуанұлы Жұбанов – қазақ тілі білімінің негізін салушылардың бірі. Өзі парсы, орыс, моңғол, түркі тілдерін жақсы меңгерген.

Құдайберген Жұбанов қазақтың ұлттық мектептері мен жоғары оқу орындары үшін қазақ тілінің бағдарламаларын жасап, оқулықтар мен әдістемелік еңбектер жазған.

Ол саяси-әлеуметтік, халықтық мәні зор – жазу, емле, термин мәселелерімен шұғылданды. Ол қабылданған латын әліппесіне қазақ жазуында болмаған әріптер енгізуді ұсынып, бұл әріптердің интернационалдық терминдер мен орыс тілінен енген сөздерді дұрыс таңбалауға қажет екенін дәлелдеді.

Құдайберген Жұбанов қазақ әдеби тілі мен сөз өнері туралы да пікірлер айтты. Оның аяқталмай қалған «Абай – қазақ әдебиетінің классигі» атты кітабы осыған дәлел.

№ 2-жаттығу. Берілген сөздермен «Менің бөлmem» тақырыбында шағын әңгіме жаз. Осы сөздердің ішінен үндестік заңына бағынбайтын сөздерді теріп жаз.

Үй, бөлме, пәтер, ата-анаммен, көршілер, подъезд, қабат, еден, терезе, есік, төбе, асхана, қонақ бөлмесі, дәліз, жататын бөлме, сөре, кітап, үстел, орындық, компьютер, жұмыс, сабақ, шаммен, емтихан, аға, іні, сіңлі, апа, студент, курстастармен, телефон.

§ 6. Ықпал.

Ықпал дегеніміз – бір сөз ішіндегі, не бір екпінге енген екі сөздің аралығындағы тетелес келген екі дыбыстың бір-біріне тигізген әсері. Қатар келген дыбыстардың алдыңғысы соңғысына, соңғысы алдыңғы дыбысқа әсер етуіне қарай дауыссыз дыбыстар үндестігі 2-ге бөлінеді: ілгерінді ықпал және кейінді ықпал. Сөз бен қосымшаның, сөз бен сөз арасындағы алғашқы дыбыстың соңғы дыбысқа өзіне ұқсата әсер етуін **ілгерінді ықпал** деп

атайды. Сөз бен қосымшаның, сөз бен сөз арасындағы соңғы дыбыстың өзінен бұрын дыбысқа өзіне ұқсата әсер етуін **кейінді ықпал** деп атайды.

№ 1-жаттығу. Өлеңді мәнерлеп оқып, жатта. Өлең мәтініндегі сөздерден ілгерінді ықпал заңын көрсет.

Ана

Мейірімді жүрегі жаз, ардақты анам,
Тербетіп жас кезімде отырған таң.
Ақ сүтің балдан тәтті таңдайымда,
Әлдің бір кетпейді құлағымнан.
Ұшырған балапандай жастан бауылып.
Анасын ойламайды қандай адам?!

(А.Лекерев)

№ 2-жаттығу. Көп нүктенің орнына жақшадағы сөздердің дұрысын қойып жаз, олардың өзгерісін түсіндір.

Ақтөбе, Қостанай облыстарында астық ... (орақ, орағы) ерте аяқталды. Бұл облыстардың ... (астық, астығы) бітік шықты. Оның ... (көп, көбі) уақытылы жиналды, элеваторға тасылды. Дала ... (шөп, шөбі) де орылды. Биыл адамның да, малдың да ... (азық, азығы) мол болды.

№ 3– жаттығу. Берілген сөздерге 3 жақтың тәуелдік жалғауларын (-ы/-і) жалға және сөздердің өзгерісін түсіндір. Өзің қалаған 10 сөзбен сөйлем құрастыр.

Бақ, жақ, әлек, тілек, доп, топ, қап, қорап, дақ, лақ, жібек, кезек, шарап, жауап, балық, сабақ, есік, бесік, тірек, жіп, қуыршақ, кәсіп, мамандық, білезік, тәулік, есеп, кітап, жүрек, бүйрек.

§ 7. Буын.

Ішіндегі дауысты дыбыстар мен дауыссыз дыбыстардың алмасып отыруына байланысты буын ашық, тұйық, бітеу болып 3-ке бөлінеді.

***Ашық буын** – бір дауыстыдан тұратын немесе дауыссыздан басталып, дауыстыға аяқталатын буын.*

***Тұйық буын** – екі немесе үш дыбыстан құралып, дауысты дыбыстан басталып, дауыссыз дыбысқа аяқталған буын.*

***Бітеу буын** – ортасы дауысты дыбыс болып, екі жағы дауыссызбен келген үш немесе төрт дыбысты буын.*

№ 1-жаттығу. Мәтінді аудар. Ондағы сөздерді буындарға бөліп, буын түрлерін анықта.

О моей Родине

Моя Родина – Казахстан. Это страна, которая находится в центре континента Евразии. Казахстан – удивительно красивая земля. Здесь есть и величавые горы Заилийского Алатау, и сильные реки Иртыш, Сырдарья и Амударья, и бескрайние степи... На просторах нашей республики есть несметные богатства – это и редкие красивые животные, и растения, и полезные ископаемые. В Казахстане есть такие прекрасные города, как Астана и Алматы, которые по красоте своей не уступают городам Азии и Европы. Казахстан – это земля, на которой мирно сосуществуют много разных народов. Я люблю мой Казахстан!

№ 2-жаттығу. Берілген зат есімдерді құрамындағы буын түрлеріне қарай кестеге жаз.

Сәби, ана, үй, мектеп, оқушы, диплом, баға, бағбан, бұлбұл, гүл, дене, денсаулық, ер, ит, кеме, көже, кошқар, от, ұлт, ұлы, ант, сыйлық, уәде, үн, хикая.

Ашық буынды сөздер	Тұйық буынды сөздер	Бітеу буынды сөздер
Сә-би, ...	Үй, ...	Мек-теп, ...

ЛЕКСИКА

§ 1. Лексика туралы ұғым. Бір мағыналы және көп мағыналы сөздер. Сөздің тура және ауыспалы мағынасы. Сөздіктер.

*Лексика (көне гректің *lexikos* – «сөздік» деген сөзінен алынған) – бір тілдегі барлық сөздердің жиынтығы деген ұғымды білдіреді, оны сөздік құрам деп те атайды. Лексиканы, сөз байлығын зерттейтін ғылымды лексикология дейді.*

<i>Лексикология</i>			
<i>Семасеология</i>	<i>Этимология</i>	<i>Фразеология</i>	<i>Лексикография</i>
<i>Сөз мағынасын және ол мағынаның өзгеруінің себептерін зерттейді</i>	<i>Сөздердің шығу төркінін, тарихын зерттейді</i>	<i>Фразеологиялық сөз тіркестерді зерттейді</i>	<i>Сөздіктер құрастыру ережелерін зерттейді</i>

*Бір ғана ұғымды, лексикалық мағынаны білдіретін сөз **бір мағыналы сөз** деп аталады. Екі және одан да көп лексикалық мағынаны, ұғымды білдіретін сөз **көп мағыналы сөз** деп аталады.*

*Сөз алдымен тура мағынаны білдіреді. Мұны сөздің **тура**, яғни, тұрақты мағынасы деп атаймыз. Сөздің тура мағынасы болумен қатар, ауыспалы мағынасы болуы да мүмкін. Ол заттың, құбылыстың немесе сол заттың белгісінің ұқсастығын білдіруден, олардың өзара тығыз байланысынан келіп туады. Сол ұқсастық белгінің бірі екінші затқа **ауыс мағына** болады.*

№ 1-жаттығу. Бір мағыналы сөздерді бір бөлек, көп мағыналы сөздерді бір бөлек жаз. Сөздердің көп мағыналылығын мысалдар келтіріп дәлелде.

Аңшы, ақыл, азық, ана, алтын, бұзау, бұлақ, бет, дәптер, кітап, қол, құлақ, су, тау.

№ 2-жаттығу. Сөздердің тура немесе ауыспалы мағынада тұрғандарын анықта. Өзің қалаған 5 сөз тіркесімен сөйлем құрастырып жаз.

Ашық: ашық бөлме, ашық терезе, ашық хат, ашық ауыз.

Жабық: жабық дүкен, жабық жиналыс, жабық есік, жабық мінез.

Суық: суық ауа-райы, суық күн, суық кабинет, суық адам, суық хабар.

Жылы: жылы киім, жылы қабақ, жылы сөз, жылы үй, жүзі жылы.

Алтын: алтын сақина, алтын сырға, алтын сағат, алтын күз, қолы алтын, жүрегі алтын.

№ 3-жаттығу. Мына мақал-мәтелдердегі сөздердің тура және ауыспалы мағынасын ажырат.

1. Байлықтың атасы – еңбек, анасы – жер.
2. Өнерлінің өрісі кең.
3. Ауызы күйген үріп ішер.
4. Керек тастың ауырлығы жоқ.
5. Ақыл жастан шығады, асыл тастан шығады.

№ 4-жаттығу. Өлеңді мәнерлеп оқып, жатта. Өлең ішінен ауыспалы мағынада тұрған сөздерді тауып, көрсет.

Дарқан дала

О, дала! Мұхит дала, неткен кеңсің!
Ақынның ойынан да сен тереңсің.
Сар дала, сараң едің күні кеше,
Япырмай, бүгін неткен берегенсің!

Барқыт тау, жасыл дала, зеңгір аспан,
Күміс көл, ерке өзен алып қашқан,
Құмартып келем саған бала жастан,
Дариға, жер бар ма екен сенен асқан!

(Қ.Аманжолов)

№ 5-жаттығу. Мәтінді оқып, орыс тіліне аудар. Қазақша мазмұнын айт.

Сөздіктің түрі көп. Бірі – жер-су, өзен, көл, тау, қала аттарынан дерек берсе, енді бірі таныс емес сөздердің қайдан, қалай шыққанын, ерекшелігін, басқа сөздермен ұқсастығын түсіндіреді. Ал енді бір сөздіктер сөздің мағынасын түсіндіреді. Мұндай сөздікті түсіндірме (толковый) сөздік дейді. Көп тілді аударма сөздіктер де болады. Ең дана сөздік – энциклопедиялық сөздік.

Түркі халықтарының сөздігі орта ғасырларда пайда бола бастады. Дана ғалым Махмұд Қашқари «Диуани лұғат ат-түрк» атты сөздігін ХІ ғасырда жазған.

Қазақ тілінде қазір 10 томдық түсіндірме, 12 томдық энциклопедиялық, сондай-ақ фразеологиялық, 2 томдық орысша-қазақша сөздік, қазақша-орысша және орысша-қазақша фразеологиялық сөздіктер, орфографиялық, орфоэпиялық, синонимдер, омонимдер, антонимдер т.б. сөздіктері бар. Олардың әрқайсысының алдында өз міндеттері бар. Бірақ бәрі де тіл білімі үшін қызмет етеді.

§ 2. Синоним, омоним, антоним сөздер.

Синонимдер – айтылуы, естілуі әр түрлі, мағыналары бір-біріне жақын сөздер. Мысалы: адам – кісі, ел – халық.

Омонимдер – дыбысталуы бірдей, бірақ мағынасы мүлдем басқа сөздер. Мысалы: жүз – жүз жыл, Кіші жүз, бері қарай жүз, жүзі жылы.

Антонимдер – мағыналары бір-біріне қарама-қарсы сөздер. Мысалы: күн – түн, ақ – қара.

№ 1-жаттығу. Үлгіні пайдалана отырып, мына сөздердің синонимдік қатарларын жаз.

Үлгі: Ұсақ (мелкий) – уақ, ұнтақ, майда.

Алыс, әдемі, ертеде, жанында, кір, керек, мереке, мықты, мұғалім, тағам, танымал, уақыт, шәкірт.

№ 2-жаттығу. Берілген синоним сөздердің аудармасын жаз, мағыналарын есте сақта. Өзің қалаған 5 сөзбен сөйлем құрастыр.

Алыс – қашық, шет, алшақ, аулақ.

Анда-санда – кей кезде, баз-базда, ілуде-шалуда.

Әлем – дүние, жиһан, жер жүзі, ғалам.

Ас – тамақ, тағам, дәм.

Ат – есім.

№ 3-жаттығу. Берілген етістік–синоним сөздердің мағыналарын есте сақта. Өзің қалаған 5 сөзбен сөйлем құрастыр.

Мақтау, мадақтау, көтермелеу – хвалить.

Сыйлау, құрметтеу, дәріптеу – уважать, превозносить.

Қуану, көңілдену – радоваться, веселиться.

Мазалау, тынышын алу – беспокоить.

Ашулану, ызалану – сердиться.

Назар аудару, көңіл бөлу – обратить внимание.

Қонаққа бару, қыдыру – пойти в гости, гулять.

№ 4-жаттығу. Мәтінді мәнерлеп оқып, аудар. Мәтін ішіндегі «халық», «ас», «кісі», «ат», «алыс», «ағайын» сөздерінің синонимдерін тап.

Қазақ халқы өзінің тұрмыс-салтына, шаруашылығына байланысты ішер асында өзіндік ерекшелігі көп халық. Қазақтың «қазан асты», «қазан көтерді», «ас берді», «астан ауыз тиді», «асқа қарамады» деген сөздерінен мал сойылып, ет асылатыны бірден аңғарылады. Қонаққа ас берудің бірнеше түрлері бар:

1. Қонақасы – үйге арнайы немесе жолы түсіп келген таныс не бейтаныс жолаушыға берілетін ас. Қонағасы үшін арнайы мал сойылады.
2. Ерулік – көшкен ауылға, көшіп келген ауылға, көршіге берілетін қонақасы.
3. Соғым – қысқа арнап түйе, жылқы, сиыр сойылады. Сойылған малдың қуырдағына қонақ шақырылады.
4. Сыбаға – соғым сойған үй сыйлы кісісіне, алыстағы ағайынға, т.б. еттен, қазы-қартадан сыбаға сақтайды. Кейде сол сақталған сыбағаны асып береді, кейде беріп жібереді.
5. Ас – қайтыс болып кеткен ата-ана, туған-туысқанды еске түсіру үшін беріледі, онда мал сойылады, ат шабыс болады.
6. Тоқымқағар – сапарға шыққалы жатқан жолаушыны шығарып салуға келген адамдарға берілетін қонақасы.
7. Наурызкөже – жаңа жылдың басында берілетін, жеті түрлі тағамнан жасалатын көже.
8. Асар – көмекке келген кісілерге берілетін қонақасы.

№ 5-жаттығу. Сөздікті падалана отырып, үлгі бойынша берілген сөздердің омонимдік мағыналарын анықтап, түсінік бер.

Үлгі: Асық – 1. Асық ойнау (зат есім – играть в альчики, кости).
2. Үйге асық (етістік – торопись домой).

Асық, ана, айыр, ара, алма, ат, аяқ, асау, бақ, біз, бу, ет, ер, жау, жас, жаз, жар, көрші, қой, қорық, мақта, мін, саз, сый, сен, тарау, тер, тоқсан, түс.

№ 6-жаттығу. Мәтінді қазақ тіліне аудар. Сөздіктен «орман» (лес) сөзінің синонимін, «түп» (куст) сөзінің омонимін тап.

Лес

Лес – лучшее украшение земли. Лес красив всегда. И зимой, когда пушистый снег одевает каждый кустик, каждую веточку. И весной, когда цветет черемуха. И летом, когда горячий воздух пахнет смолой. Но особенно хорош лес осенью, когда по земле летят золотые листья, краснеющие ягоды рябины. А небо над головой такое чистое, высокое.

(К.Паустовский)

№ 7-жаттығу. Үлгі бойынша зат есім, сын есім, етістік антоним сөздерге 10 мысал келтір.

Үлгі: Күн (день) – түн (ночь), кір (грязный) – таза (чистый), бер (дай) – ал (возьми).

№ 8-жаттығу. Берілген сөздердің антонимдерін тап, олармен сөйлем құрастыр.

Ақ, жақсы, ескі, қиын, кәрі, үлкен, терең, арық, ыстық, аш (голодный), ашық, ұзын.

№ 9-жаттығу. Ішінде антоним сөздер кездесетін мақал-мәтелдерге 10 мысал келтір.

Үлгі: **Жақсы берсең** де дос, *бермесең* де дос. **Жаман берсең** – дос, *бермесең* – қас. Көз – қорқақ, қол – батыр.

№ 10-жаттығу. Мәтінді мәнерлеп оқып, аудар. Мәтін ішіндегі «халық», «бүкіл», «данышпан», «уақыт», «әлем», «келешек» сөздерінің синонимдерін, «жылы», «бас», «біз» сөздерінің омонимдерін, «жоқ», «артық», «өмір» сөздерінің антонимдерін тап.

Әлем таныған Абай

Абай Құнанбаев – қазақ халқының ғана емес, бүкіл адамзаттың ақыны. Сондықтан ЮНЕСКО шешімі бойынша 1995 жыл – Абай жылы аталды.

Ұлы ақын Абайдың 150 жылдық мерейтойының аталып өтілуі туралы ЮНЕСКО-ның бас директоры Федерико Майор былай деді: «Абай - әлемдік маңызы зор тұлға. Ол оқырманға өзінің ақындық сезімімен ғана әсер етіп қойған жоқ, ол азаматтың санасына даналықтың дәнін сепкен данышпан, ойшыл... Оның гуманистік идеялары Еуропаның классикалық философиясымен қалай үйлесіп, өріліп жатқанына таң қалмасқа шара жоқ. Бір кезде қазақ ақынын толғандырған проблемалар қазіргі таңдағы кез келген халық өкілінің көкірегінде күмбірлеп жатыр десем, артық айтқандық емес. Егер біздің уақытымыз тұрғысынан қарасақ, Абай - әлемдік поэзия алыптарымен қатар тұрған ғаламат тұлға. Сондықтан да біз Абайдың 150 жылдығын 1995 жылы ЮНЕСКО-ның штаб-пәтерінде салтанатты түрде атап өтуді дұрыс деп таптық».

Әлем таныған Абай өмірі, оның шығармалары – келешек ұрпақ үшін үлгі, өнеге.

№ 11-жаттығу. Мына мақал-мәтелдердің ішінен антонимдерді тап.

- 1) Қорлық өмірден ерлік өлім артық.
- 2) Ер бақыттың қонғанын білмейді, ұшқанын біледі.
- 3) Ақымақ бұзуға бар, түзеуге жоқ.
- 4) Өлі арыстаннан тірі тышқан артық.
- 5) Ер бір рет өледі, қорқақ мың рет өледі.
- 6) Алтау ала болса – ауыздағы кетеді, төртеу түгел болса – төбедегі келеді.
- 7) Ескіні жамап киіп, жаңаны іздеп тапқан артық.
- 8) Көп ақымақтың ағасы болғанша, бір ақылдының інісі бол.

9) Ащы менен тұщыны татқан білер, алыс пенен жақынды жортқан білер.

§ 3. Фразеологизмдер.

Фразеологизм дегеніміз – құрамындағы сөздердің орны тұрақты, бекем, бір бүтін мағынаны білдіретін сөз тіркесі.

№ 1-жаттығу. Берілген фразеологизмдерді есіңе сақта. Өзің қалаған 7 фразеологизмді пайдаланып, сөйлемдер құрастырып жаз.

Ауызын ашпады – рта не раскрыл.

Көзі түсті – заметил.

Көз қырын салмады – не взглянул и краем глаза.

Көзімен атып жіберердей – готов застрелить взглядом.

Қабағынан қар жауып тұр – мрачен.

Көзді ашып жұмғанша – и глазом моргнуть не успеешь.

Түймедейді түйедей ету – делать из мухи слона.

Төбе шашы тік тұрды – волосы дыбом встали

Өзінің бес саусағындай біледі – знает как свои пять пальцев

Ағама жеңгем сай – два сапога пара

Судай жаңа – новый с иголки

Жүрек жалғау – заморить червячка

Жылы орын – теплое местечко

№ 2-жаттығу. Төмендегі сөз тіркестердің қайсысы фразеологизмге, қайсысы мақал-мәтелдерге жататынын ажырат.

Бүйректен сирақ шығару; тісін қайрау; қоян жүрек; жүрегі тас төбесіне шығу; көзімен көріп, құлағымен есту; көз – қорқақ, қол – батыр; айтқан сөзің – атқан оқ; өлгеніңше үйрен.

№ 3-жаттығу. Фразеологиялық сөздікті пайдалана отырып, қазақ фразеологизмдерге 10 мысал келтір, олардың орыс тіліндегі нұсқаларын жаз.

№ 4-жаттығу. Фразеологизмдерді орыс тіліне аударып, үлгі бойынша түсіндір.

Үлгі: Тонның ішкі бауырындай (тату болу) – быть в близких дружественных отношениях.

Айдай сұлу; барар жері, басар тауы жоқ, бір табан жақын; екі кеменің құйрығын ұстады; жақсы көрді; жарқын жүзді; инемен құдық қазғандай; көз жүгіртті.

§ 4. Диалект сөздер. Кәсіби сөздер.

Диалект деп тілдегі жалпы халықтық сипат алмаған, белгілі бір жерде ғана қолданылатын ерекшеліктердің жиынтығын айтамыз.

Кәсіби сөздер деп белгілі бір кәсіппен, мамандықпен айналысатын адамдардың ғана өзара қолданылатын сөздерді айтамыз.

№ 1-жаттығу. Көркем әдебиет шығармаларынан диалект сөздері бар сөйлемдерді теріп жаз.

№ 2-жаттығу. Әртүрлі мамандықтар бойынша кәсіби сөздерге мысал келтір.

№ 3-жаттығу. Берілген сөздердің қай мамандықтың кәсіби сөздері екенін анықта.

- 1) Қармақ, сүзекі, қайық, жылым, бекре, бүркеніш, шөктірме.
- 2) Шеге, балға, егеу, ағаш.
- 3) Диагноз, анамнез, капельница, анестезия.
- 4) Арматура, бетон, цемент, кірпіш.
- 5) Очерк, мақала, интервью, гонорар.

§ 5. Кірме сөздер. Архаизмдер және неологизмдер.

Кірме сөздерге басқа тілдерден әртүрлі себептермен енген сөздер жатады.

Архаизмдер дегеніміз – тілдегі қолданудан шығып, өздері атайтын заттарымен бірге жоғалған сөздер.

Неологизмдер дегеніміз – тілдің сөздік құрамына енген жаңа сөздер.

№ 1-жаттығу. Сөйлемдер ішінен кірме сөздерді тауып, астын сыз. Олардың қай тілден енгенін жаз.

1. – Марш! – деп жігіттерге «кет» деді. Жігіттер күйіп кетті. Бірнешеуі бір барқыт диванды алуға қол қойды. Угар барып жиылыс басқармасының үстеліндегі жасыл сукноны жұлып кеп алды. Үй іші апыр-топыр. Айқай-ұйқай. Бұлардың жанжалын күтіп тұрған клубтағы жүкшілердің барлығы да қаптап кетті.
2. Ертісте паровоз жүргеннен кейін қала мен даланың бір күшті көлігі табылып, алыс пен алыс жуықтасып, қатынай бастады.
3. Олбай – Ертіс өзенін өрлеп, құлдап жүретін үш пассажир пароходы, бірнеше баржалардың қожайыны.
4. Бірі – арбакеш, бірі – жүкші, бірі – көшір, бірі – тағы бірдеме болып қала қыстайды, мұндайлар өздерін «зимовщик» дейді.
5. Лена деген жерде алтын алатын шахта бар екен.

6. Жігіттер он минуттың ішінде доверенныйды барлық есеп кітабымен, ақша жабдығымен көшіріп, өздерінің жатқан барағындағы жігіттердің ортасына алып келді.

№ 2-жаттығу. Сөйлемдер ішінен архаизмдерді тауып, астын сыз.

1. Сыбан, Тобықты, Керей, Уақ болыстары, кандидаттары, долынжы билері қастарына тілмаштарын алыпты.
2. Абайдың бұл келісін ұрын келу деп, жыртис сала келу деп, кейде есік көре келу, қол ұстау деп те атайды.
3. Наурызда көрісу кезінде келіншектер енелеріне, апаларына, абысындарына көйлектік мата мен жаулық апарды.
4. Қазақ халқының ұлттық бас киімі – сәукеле қазіргі кезде қалыңдықтың киімінің бір элементі ретінде сақталған.
5. Қазақ батырларының қару-жарақтарына садақ, найза, айбалта т.б. жатқан.

№ 3-жаттығу. Архаизмдер мен неологизмдерге мысал келтір, олармен сөйлем құрастырып жаз.

№ 4-жаттығу. Сөйлемдер ішінен неологизмдерді тауып, астын сыз.

1. Өткен аптада елімізге ресми іссапармен Ресей Федерациясының Президенті келді.
2. Сәлеметсіз бе, маған дастархан мәзірін беріңізші.
3. Жазда біз отбасымызбен Каспий теңізінің жаға-жайында демалуды ұнатамыз.
4. Былтыр мен «Сарыағаш» шипажайында демалдым.
5. Республикамыздың әрбір азаматы 16 жасқа толғанда төлқұжат алады.
6. Біздің қаламыздың орталық көшелерінде әдемі гүлзарлар бар.
7. Вагонымыздың жолсерігі өте таза, тиянақты, жақсы.
8. Биыл Ақтау қаласының әуежайы күрделі жөндеуден өтеді.
9. Біздің университетіміздің студенттерінің барлығы шәкіртақы алады.
10. Менің болашақ мамандығым – заңгер.

МОРФОЛОГИЯ: СӨЗ ҚҰРАМЫ

§ 1. Морфология туралы ұғым.

Морфема және қосымша туралы жалпы мәліметтер. Жұрнақтар.

Морфология (гректің *morphe* – «форма» + *logos* – «ұғым», «ілім» деген сөзінен алынған) – сөз және оның формалары туралы ілім. Морфология сөз құрамы мен сөз таптарын зерттейді.

Түбір – сөздің мағыналы бөлішегі, негізгі морфемасы.

Қосымша – түбірден кейін қосылып тұрған сөз бөліктері. Қосымшаның қазақ тілінде 2 түрі бар: бірі – жұрнақ, екіншісі – жалғау.

Сөз тудырушы жұрнақ – өзінің жалғанған сөзінен жаңа мағыналы сөз тудыратын жұрнақ. Мысалы: оқыту (*обучать*) + шы = оқытушы (*преподаватель*).

Сөз түрлендіруші жұрнақ – жалғанған сөздің негізгі мағынасын өзгертпей, оған тек сәл ғана үстеме мағына беретін жұрнақ. Мысалы: ақ (*белый*) + шыл = ақшыл (*беловатый*).

№ 1 – жаттығу. Мәтінді. Қосымшасы бар сөздердің астын сыз.

Жыл мезгілдері

Жылда төрт мезгіл бар: қыс, көктем, жаз, күз. Әр мезгілде үш ай бар. Қыс айлары: желтоқсан, қаңтар, ақпан. Көктем айлары: наурыз, сәуір, мамыр. Жаз айлары: маусым, шілде, тамыз. Күз айлары: қыркүйек, қазан, қараша. Әр айда төрт апта бар. Әр аптада жеті күн бар. Олар: дүйсенбі, сейсенбі, сәрсенбі, бейсенбі, жұма, сенбі, жексенбі.

№ 2 – жаттығу. Асты сызылған сөздердің түбірі мен қосымшасын көрсет.

Сөз тудырушы жұрнақтар көмегімен басқа сөздерден пайда болған есімдер мен сын есімдерді теріп жаз. Мәтінді аудар.

Жыл мезгілдерінің ауа-райы

Жылдың төрт мезгілі бір-біріне ұқсамайды. Жылдың әр мезгілінде ауа-райы өзгеріп тұрады. Жазда желсіз, аспан көбінесе бұлтсыз ашық болады. Жаңбыр онша көп жаумайды. Жазда күн ұзақ, түн қысқа болады. Маусымның 22-сінде күн мен түн теңеледі. Жаздан кейін қоңыр салқын күз де келіп жетеді. Қараңғылық ерте түседі. Аспанда қара бұлт қаптап, жауын да жиі-жиі жауады. Қар аралас жауын-шашын болады. Қыста дала, орман, үйлер ақ қар жамылады. Өзендер мен көлдердің бетін көгілдір мұз жабады. Күн аязды, жер тайғақ болады. Бұл кезде енді күн қысқа, түн ұзақ болады. Қыстан кейін көптен күткен көктем де келеді. Бұл кезде күн жылына бастайды. Табиғат қысқы ұйқысынан оянады. Түн қысқарып, күн ұзарады. Күннің көзі жарқырайды. Кейде жылы жаңбыр жауып, оңтүстіктен жылы жел еседі. Енді көктем өз орнын жазға береді. Ауа-райын 1-2 күн, апта, ай бұрын алдын ала болжауға болады. Мұнымен метеорология ғылымы айналысады. Ауа-райының құбылысын алдын

ала біліп отыру кеме капитандарына, ұшқыштарға, автомобиль жүргізушілеріне, теміржолшыларға, құрылысшыларға, егіншілерге және малшыларға аса қажет.

№ 3 – жаттығу. Асты сызылған сөздердегі жұрнақтардың қайсысы сөз тудырушы, қайсысы сөз түрлендіруші екенін анықта.

Көктем

Көктемді үлкен де, кіші де сағына күтеді, қуана қарсы алады. Көктемде күн жылы бастайды. Қар еріп, жер бетін жасыл кілем жабады. Көктемде жылы жаңбыр жауады, ағаштар жасыл жапыраққа оранады, айнала түрлі-түсті әдемі гүлдерге толады. Адамдар да жеңіл, әдемі киімге ауысады. Көктемде құстар ұшып келеді.

Көктемде адамдар егін салу, бау-бақша жұмыстарына кіріседі, мал өсіреді. Адамдардың көктемгі жұмысының нәтижесі оларды қысқы азықпен қамтамасыз етеді. Сондықтан адамдар аянбай көп еңбек етіп, қысқы азығының көктемде негізін салады. Бірақ жұмыс онымен бітпейді, жақсы өнім алу үшін оларды бағып-қағу, өсіру, баптау жұмысы әрі қарай жалғаса береді. «Еңбек түбі – береке» деп түсінетін халқымыз еңбектенуден жалықпайды.

Көктем – мерекеге бай кезең. 8 наурыз – асыл аналарымыздың, абзал апасыңділеріміздің мерекесі. Бұл мерекені тойламайтын отбасы жоқ шығар. Өйткені әр отбасының ұйытқысы, әкеміздің қадірлі жұбайы, туған-туысқанымыздың қамқоршысы – ананың орны ерекше. Сондықтан 8 наурызды әрқашан қуанышпен тойлаймыз.

Наурыз – қазақта үлкен мереке, бабаларымыз жаңа жыл наурызда басталады деп санаған. Наурызда ағаштар отырғызады, наурыз көже пісіреді. Қала, ауыл алаңдарында үлкен мейрам болады, музыка ойнайды, ән айтылады. Мектеп, университеттерде концерт беріледі, би биленеді. Наурыз – көңілді мейрам.

№ 4 – жаттығу. –шы/-ші сөз тудырушы жұрнақтары арқылы жасалған сөздерге үлгі бойынша 10 мысал келтір, сөйлем құрастыр.

Үлгі: тарих (история) + шы = тарихшы (историк). Тарихшылардың айтуы бойынша, б.з.б. 3 ғасырдағы хуннулар ақша орнына күміс пышақты пайдаланған.

№ 5 – жаттығу. Төмендегі мамандықтар атауларын білдіретін сөздерді аудар. Олардың жасалу жолдарын көрсет. 5 сөзбен сөйлем құрастыр.

Животновод, лесовод, моряк, рыбак, певец, продавец, шахтер, танцор, архитектор, скульптор, журналист, домбрист, тракторист, строитель, водитель, художник, сапожник, преподаватель, воспитатель, секретарь, библиотекарь, переводчик, бухгалтер, доярка.

№ 6 – жаттығу. Сұрақтарға жауап бер. Мамандық атауларының қандай сөз тудырушы жұрнақтар арқылы жасалғанын көрсет.

- Менің атам ауылда мал баққан. Оның мамандығы кім?
- Әжем ауылда сиыр сауған. Оның мамандығы кім?
- Әкем үлкен мекемеде ақша санап жүр. Оның мамандығы кім?
- Анам адамдарды емдеп жүр. Оның мамандығы кім?
- Ағам шетел фирмасында адамдарға бір-бірін түсінуге көмектесіп жүр. Оның мамандығы кім?
- Апам газеттерге мақала жазып жүр. Оның мамандығы кім?
- Анар балаларды оқытып жүр. Оның мамандығы кім?
- Шынар мейрамханада тамақ пісіріп жүр. Оның мамандығы кім?
- Жанар тігін шеберханасында киім тігіп жүр. Оның мамандығы кім?
- Ернар қаламызда жаңа үйлер салып жүр. Оның мамандығы кім?
- Роза сахнада ән айтып жүр. Оның мамандығы кім?
- Шұғыла сахнада би билеп жүр. Оның мамандығы кім?
- Әбіш кітап жазып жүр. Оның мамандығы кім?

№ 7 – жаттығу. –дас/-дес, -тас/-тес, -лас/-лес сөз тудырушы жұрнақтары арқылы жасалған сөздерге үлгі бойынша 5 мысал келтір. Олармен сөйлем құрастыр.

Үлгі: курс (курс) + тас = курстас (однокурсник). Аудитория тазалығын сақтау үшін біз курстастарымызбен кезекшілік атқарамыз.

№ 8 – жаттығу. –лық/-лік, -дық/-дік, -тық/-тік сөз тудырушы жұрнақтары арқылы жасалған сөздерге үлгі бойынша 5 мысал келтір. Олармен сөйлем құрастыр.

Үлгі: бай (богатый) + лық = байлық (богатство). Денсаулық – зор байлық.

№ 9 – жаттығу. –хана сөз тудырушы жұрнағы арқылы жасалған сөздерге үлгі бойынша 10 мысал келтір. Олармен сөйлем құрастыр.

Үлгі: ауру (болезнь) + хана = аурухана (больница). Жан-жақты тексеруден соң дәрігер науқасқа ауруханаға жолдама жазып берді.

№ 10 – жаттығу. –ақ/-ек, -ық/-ік/-к сөз тудырушы жұрнақтары арқылы жасалған сөздерге үлгі бойынша 5 мысал келтір. Олармен сөйлем құрастыр.

Үлгі: сұрау (спрашивать) + ақ = сұрақ (вопрос). Мәтін бойынша мына сұрақтарды пайдаланып, мәтінді пікірлесімге айналдырып, бір-біріңмен сөйлесің.

№ 11 – жаттығу. Үлгі бойынша берілген сөздерден –ғы/-гі, -қы/-кі сөз тудырушы жұрнақтар көмегімен сын есімдер жаса. Өзің қалаған 5 сөзбен сөйлем құрастыр.

Үлгі: қыс (зима) + қы = қысқы (зимний). Студенттердің қысқы демалысы қаңтарда болады.

Қыс, көктем, жаз, күз, таң, түс, кеш, түн, биыл, былтыр, алды, арты, соң, кейін, күндіз, бас (начало), іш, сырт, бұрын, қазір, кеше, бүгін, ертең.

№ 12 – жаттығу. Үлгі бойынша берілген сөздерден –лы/-лі, -ды/-ді, -ты/-ті сөз тудырушы жұрнақтар көмегімен сын есімдер жаса. Өзің қалаған 5 сөзбен сөйлем құрастыр.

Үлгі: құрмет (почет) + ті = құрметті (уважаемый). Құрметті Әлия апай! Сізді мұғалімдер күнімен құттықтаймыз!

Су, саз, балшық, сәуле, бұлт, бой, талант, құрмет, ардақ, инабат, салтанат, жаңбыр, тау, жауап, көңіл, жауын, мәдениет, мұң, пайда, өнер, талап, ынта, сабыр, ажар, көрік, қажет, абырой, айып, әдеп, баян, бақыт, боран, дау, жеміс, намыс, бедел, құнар, шырай, табыс.

№ 13 – жаттығу. Үлгі бойынша берілген сөздерден –лық/-лік, -дық/-дік, -тық/-тік сөз тудырушы жұрнақтар көмегімен сын есімдер жаса. Өзің қалаған 5 сөзбен сөйлем құрастыр.

Үлгі: жыл (год) + дық = жылдық (годовой). Барлық мекемелерде Жаңа жыл қарсаңында жылдық есеп беріледі.

Жыл, тоқсан, ай, апта, күнбе-күн, республика, облыс, аудан, қала, ауыл, азамат, қылмыс, студент, мектеп іші, университет іші.

№ 14 – жаттығу. Берілген сөйлемдердегі сан есімдердің қандай сөз тудырушы жұрнақтар арқылы жасалғанын көрсет.

- 1) Біз ХХІ (жиырма бірінші) ғасырда өмір сүріп жатырмыз. ХХІ (жиырма ірінші) ғасыр – жаңа технология дәуірі. Қазіргі адамдар өз өмірінде 1 жылға, 1 айға, 1 аптаға, тіпті 1 күнге жоспар жасамай отыруы мүмкін емес.
- 2) Атадан алтау, анадан төртеу, жалғыздық көрер жерім жоқ. Біреуінің күні жоқ біреуінсіз, ғылым сол үшеуінің жөнін білмек. (Абай)
- 3) Бір түн отырып ел адамдарын төрттен, бестен жиып алып, бір түрлі іс тапсырған. (М.Әуезов)
- 4) Олар екі-үштен қолтықтасып, үйдің ішін шыр көбелек айналып жүр. (Б.Майлин)

- 5) Алты совхозға келетін тракторлардың ғана саны үш жүздей.
6) Бірінші байлық – денсаулық, екінші байлық – ақ жаулық, үшінші байлық – он саулық.

№ 15 – жаттығу. –ла/-ле, -да/-де, -та/-те сөз тудырушы жұрнақтарын пайдаланып, төмендегі сөздерден етістіктер жаса, орыс тіліне аудар. Өзің қалаған 5 сөзбен сөйлем құрастыр.

Қадір, есеп, ой, баян, орын, іс, аяқ, қол, би, ем, баға, бейне, үтік, гүл, арман.

№ 16 – жаттығу. –лас/-лес, -дас/-дес, -тас/-тес жұрнақтарын пайдаланып, төмендегі сөздерден етістіктер жаса, орыс тіліне аудар. Өзің қалаған 5 сөзбен сөйлем құрастыр.

Ақыл, қате, сәлем, көмек, кез, тіл, сот, көз.

№ 17 – жаттығу. –а/-е жұрнақтарын пайдаланып, төмендегі сөздерден етістіктер жаса, орыс тіліне аудар. Өзің қалаған 5 сөзбен сөйлем құрастыр.

Ат, түн, түзу, бос, тең.

№ 18 – жаттығу. –қар/-кер, -ғар/-гер жұрнақтарын пайдаланып, төмендегі сөздерден етістіктер жаса, орыс тіліне аудар. Өзіңіз қалаған 5 сөзбен сөйлем құрастыр.

Бас, ес, ат, құт, өз.

№ 19 – жаттығу. Мәтінді оқып, аудар. Асты сызылған сөздердің түбірі мен қосымшасын көрсет, түсіндір.

Алып ағаш

Индияда түс кезінде көлеңкесі гектардан көбірек жерді жауып кететін ағаш бар. Оның биіктігі отыз метрден асады. Жапырағының ұзындығы бір метр. Ағаштың жуандығы – он метр. Оның бұтақтарының саны мыңнан асады. Яғни бір ағаштың өзі бір орман секілді.

№ 20 – жаттығу. Асты сызылған сөздердің жұрнақтарын көрсет, олардың сөз тудырушы немесе сөз түрлендіруші екенін анықта.

1. Тікұшақты жер бетін барлау жұмыстарында пайдаланады. Тікұшақпен таулы жерге де қонуға болады. Ол теңізге бақылау жасауға да қолайлы. Шаруашылық салаларында да жиірек пайдаланылады.

2. Мұхаметжан Тынышбаевтың айтуымен Алматы-Талдықорған жолы Сарыөзек арқылы жүрілетін болды. Бұрынғы жолмен салыстырғанда, бұл жол бір жарым есе қысқарақ, төте еді.
3. 1927 жылы Мұхаметжан Тынышбаев Қызылордаға, Ташкентке, Бішкекке барып, ол жерлердегі басшылармен кездесіп, Түріксіб темір жолына қажетті құрылыс материалымен, ағашпен, жұмысшы күшімен, азық-түлікпен қамтамасыз ету мәселесін шешеді.
4. Анаңа беретін нанды екі есе көбейт, сені ол бір кезде қалай сақтаса, сен де оны солай сақта. Ол саған көп қамқорлық жасады.
5. Күндізге қарағанда кеш салқындау болады, сондықтан жылы киініп кет, балам.
6. Өткен сабақтың тақырыбынан гөрі бүгінгі сабақтың тақырыбы қиынырақ.
7. Мұғалімдер мен дәрігерлерге қарағанда, мұнайшылардың табатын айлықтары көбірек.

№ 21 – жаттығу. Мына сөздерден әртүрлі сөз тудырушы жұрнақтар арқылы жаңа сөздер жаса.

Қоғам, заң, ғарыш, зерттеу, адал, адам, әскер, балық, бас, ғылым, дәрі, ер, заман, кәрі, негіз, орта, оқу, өндіріс, таза, таң, тоңу, ұйқы, хабар.

№ 22 – жаттығу. Берілген етістіктерді қазақ тіліне аудар. Олардың қандай сөздерден жасалғанын көрсет.

Уважать, мечтать, писать жалобу (заявление), называть, замерзнуть, думать, белить дом, возглавлять, освобождаться, цвести, сомневаться, убрать (комнату), играть, организовать, известить.

§ 2. Көптік жалғау.

Жалғау – жалғанған сөзін екінші бір сөзбен қарым-қатынасқа түсіріп, оларды өзара байланыстырып, жалғастырып және жалғанған сөзіне азын-аулақ мағына беріп тұратын грамматикалық тұлға.

Қазақ тілінде жұрнақ түрі мол да, жалғау түрі төртеу ғана. Олар: көптік, тәуелдік, жіктік және септік жалғау.

Көптік жалғау – заттың көптігін білдіреді. Ол 6 түрлі болып келеді: -лар/-лер, -дар/-дер, -тар/-тер. Сөздерге үндестік заңы бойынша жалғанады.

№ 1 – жаттығу. Мына сөздерге көптік жалғауын жалға. Оларды пайдалана отырып, «Ақтау қаласы» тақырыбында шағын әңгіме жаз.

Республика, облыс, қала, шағын аудан, көше, алаң, даңғыл, үй, сауда орталығы, стадион, бизнес-орталық, дүкен, театр, ескерткіш, ағаш, гүл, жол,

университет, колледж, мектеп, балабақша, теңіз, өзен, көл, жағажай, саябақ, адам, ауыл, жұмыс, мұнайшы, мұғалім, дәрігер, студент, оралман, зейнеткер, бағдаршам, аялдама.

№ 2 – жаттығу. Мәтінді аудар. Көптік жалғаулы сөздердің астын сыз.

Қарағанды

Біздің Қазақстанда Қарағанды қаласы бар. Ол – Республикамыздың ең үлкен қалаларының бірі. Қаланың төңірегінде шахталар бар. Сол шахталардан көмір шығарылады. Біздің Отанымызға көмір керек. Зауыттар, фабрикалар, паровоздар, электр станциялары тас көмірсіз жұмыс істей алмайды. Қарағанды жыл сайын Отанымызға көп көмір береді.

№ 3 – жаттығу. Көп нүктенің орнына –лар/-лер, -дар/-дер, -тар/-тер көптік жалғауларының тиістісін жаз. Сөз тудырушы жұрнақтар арқылы жасалған зат есім, сын есім т.б. сөздерді көрсет.

Кавказ бен Закавказьеге саяхат

Бұл маршрут бойынша туристік пойыз Дондағы Ростов қаласынан шығып, әуелі курорт-қала Пятигорскіге тоқтайды. Сонан соң Закавказье республика...ының астана...ы Ереван мен Тбилиси арқылы Кавказдың Қаратеңіз жағалауындағы курорт...ы – Батуми, Сухуми, Гагра және Адлер қала...ына барады.

Турист... 1-2 күн аталған қала...ды аралап, қызықты-қызықты жер...ді, тарихи және архитектуралық ескерткіш...ді көреді, музей...мен, ботаникалық бақ...мен танысады. Ал курорт-қала...ға барғанда бірер күн тынығады, суға шомылады. Сапар небары 13-14 күнге есептелген.

№ 4 – жаттығу. Мәтінді қазақ тіліне аударып, оған ат қой. Мәтін ішінен көптік жалғауы бар сөздерді тауып көрсет.

Казахстан считается степным краем. Но есть здесь необычный уголок. Это заповедник Боровое. Здесь 12 озер, хвойные леса, причудливые скалы. Одна из них «Спящий рыцарь».

Боровое – чудесный край. Климат здесь сухой, здоровый. По количеству солнечных дней Боровое не уступает черноморскому побережью.

Растут в заповеднике в основном сосны. В лесу много разнообразных птиц и зверей. На полях растут лекарственные травы. Тот, кто хоть раз побывал в Боровом, никогда не забудет этот замечательный край.

Тиісті қосымшалар арқылы (-лар/-лер, -дар/-дер, -тар/-тер) сөздерге көптік ұғымының берілуін морфологиялық тәсіл дейміз. Бұл тәсілден басқа сөздердің көптік мағынада жұмсалуының тағы 2 тәсілі бар. Олар: лексикалық және синтаксистік тәсілдер.

Көптік ұғымды ешқандай қосымшаларсыз өз лексикалық мағынасы арқылы білдіруді **лексикалық тәсіл** деп атайды. Мұнда:

- жеке-даралап санауға келмейтін сұйық, ұсақ заттардың аттары (сүт, ұн);
- ру, халық, ел аттары (қазақ, орыс);
- жәндік, аң, хайуан аттары (құрт, құмырсқа);
- өсімдік аттары (бидай, жусан);
- қоғамдық ұйымдардың атаулары (коммунизм, дін);
- адамның ішкі сезімі, жай-күйі атаулары (жалқаулық, кәрілік, түс).

Көптік ұғымдарды сөз тіркестері арқылы білдіруді **синтаксистік тәсіл** дейді. Олар төмендегідей:

- 1) «Көп», «аз», «әлденеше», «бірнеше», «бірталай», «қыруар» сияқты сөздер зат есімдердің алдынан келсе, ешқандай көптік жалғауынсыз көптік мағына береді (көп адам, бірнеше жыл).
- 2) Зат есімнің алдынан сан есім келсе, ешқандай көптік жалғауынсыз-ақ көптік мағынаны білдіреді (бес сабақ, жиырма студент).
- 3) Осылармен бірге қазақ тілінде өлі жұрнақтар делініп жүрген –ыз, -із, -з жұрнақтары арқылы берілетін көптік мағына да морфологиялық тәсілге жатқызылып жүр (біз, сіз, көз, егіз).
- 4) Кейбір қос сөздер де көптік жалғауынсыз-ақ көптік мағынаны білдіре алады (ән-күй, бала-шаға).
- 5) Көптік жалғауы бірыңғай мүшелі сөйлемнің ішіндегі бірыңғай мүшелерінің әрқайсысына жалғанып жатпай-ақ, ең соңғы мүшеге ғана жалғанады (Хайуанаттар бағынан қасқыр, арыстан, түлкі, аюларды көрдік).

№ 5 – жаттығу. Мына сөйлемдердегі көптік мағыналы сөздер қандай жолмен жасалғанын түсіндір.

1. Жұмыскерлер түскі демалысқа келіп, үйшіктерінде, барактарында, күрке, баспана көлеңкелерінде тыныстап жатыр. Шөл дала сусын ішсін – шөлі қансын.
2. Бала-шағаңыз аман ба?
3. Қазақстанда ұйғыр да, қазақ та, орыс та, украин да, неміс те бар.
4. Біздің институтта ән-күй үйірмесі бар.
5. Он қыз нөкер қасында, өзі он бес жасында.
6. Запас бөлшек жоқтығынан көптеген автомашина жөнделмей тұр.
7. Тасығандары өзінше өскен шөп емес, қолдан еккен жоңышқа, мысыққұйрық.
8. Мұнда бүгін үлкен әбігер бар. Ақ үйлер мен отаулар, қонақ үй, ұранқайлар арасында асығып басып жүргендер көп. Көрпе-жастық, асжаулық, тегене, тостаған, самауырлар тасыған жас әйелдер, еркектер қарбаласады. Таза көйлек, қамзол киіп, көкбазарлаған кимешек-шаршы тартқан келіншектер мен үкілі бөріктері бар қыздардың ажарында мереке күн белгісі сезіледі. Әлденеге қуанып,

шулап жүгіріскен үлкенді-кішілі балалар да таза киімдер киіскен. Оларды оқудан да босатқан күн сияқты.

§ 3. Тәуелдік жалғау.

Тәуелдік жалғау – сөзді қатынасқа түсіретін қосымшаның бір түрі. Бұл бір заттың біреуге не бір нәрсеге тәуелді, меншікті екендігін көрсету үшін қолданылады.

Тәуелдену мағынасы кейде -нікі, -дікі, -тікі жұрнақтары арқылы да беріледі. Мысалы: оқулық кітапхана+нікі, болашақ сендер+дікі, ғимарат университет+тікі.

№ 1 – жаттығу. Тәуелдік жалғаулы сөздердің астын сыз. Мәтінді аудар.

Батыр Баймағанбетов

Сұлтан Баймағанбетов 1920 жылы туылды. 1940 жылы әскер қатарына шақырылды. Жас жауынгер өзінің әскери шеберлігін арттырумен болды. Ол атқыштар бөлімінің, одан кейін пулеметшілер бөлімінің командирі болды. Ұлы Отан соғысында Сұлтан Баймағанбетов алты рет жараланды. Ол ұрыстарда үлкен ерлік көрсетті. Сұлтан Баймағанбетовке қайтыс болғаннан кейін, 1944 жылы «Батыр» деген атақ берілді.

№ 2 – жаттығу. Тәуелдік жалғаулы сөздердің астын сыз. Мәтінді аудар.

Махмұт атай

Махмұт Эйвазов – бақытты адам. Оның 23 баласы, 150-ден аса немересі мен шөбересі бар. Махмұт атай 1808 жылы Әзірбайжанда туылды. Оның жасы 179-дан асқан. Оның ұрпақтары әр жерде тұрады.

№ 3 – жаттығу. Өлеңді мәнерлеп оқы. Тәуелдік жалғаулы сөздерді тап.

Жаңаша жыл санау

Тышқан жылы – тыңғылықты жыл басы,
Сиыр жылы – саналықтың жалғасы.
Барыс жылы – береке-ырыс тасқыны,
Қоян жылы – қажыр-қайрат қарқыны.
Ұлу жылы – ұйымшылдықтың үлгісі,
Жылан жылы – жаңашылдықтың жеңісі.
Жылқы жылы – жақсылықтың жеңісі,
Қой жылы – құт, қайырымды еңбек жемісі.
Мешін жылы – молшылықтың мәресі,
Тауық жылы – тоқшылықтың төресі.
Ит жылы – игі, игерілген жұмыстар.
Доңыз жылы – дәулет, сәулет, құрылыстар.

№ 4 – жаттығу. Жақша ішіндегі сөздерге тәуелдік жалғауларын жалғап жаз.
Мәтінді аудар.

Бурабай көлі

Бурабай – Көкшетау қыратындағы көл. Ол Ақмола (облыстың) Щучье (ауданда), Көкше (таудың) шығыс (баурайда), теңіз (деңгейден) 320,6 м биіктікте орналасқан. (Ұзындық) 4,5 км, (ен) 9 км, орташа (тереңдік) 4,5 м, ең терең (жер) 7 м. Бурабайдың (су) жұмсақ және мөлдір, түбіне дейін айқын көрінеді. Жақын жатқан көлдерден аласа жоталармен бөлінген. Көлдің солтүстік батыс (бөлікте) кішігірім Жұмбақтас (арал) орналасқан. Оның (шоқтық) 20 м көтерілген. Солтүстік батыс және оңтүстік (жағалауларды) айнала қоршаған әртүрлі жартастар әрі көлге сұғына енген әсем мүйістер де, сыңсыған қарағайлы-қайыңды ормандар да Бурабайға ерекше көрік береді. (Төңіректе) Бурабай (курорт), «Оқжетпес», «Голубой залив» демалыс (үйлер) орналасқан. Көл (суда) алабұға, шабақ, сазан, шортан, табан балық бар. Бурабай табиғатының ерекше (сұлулық) мен (көркемдік) көптеген әдебиет және көркемсурет (шығармаларға) арқау болған.

№ 5 – жаттығу. Мына кестені бірінші жолда көрсетілген үлгі бойынша толтыр.

Кімнің?	Аты	Жасы	Ұлты	Мамандығы	Қайда?
Менің	ат+ым Асқар	жас+ым отызда	ұлт+ым қазақ	мамандығ+ым жүргізуші	«ҚМГ» ААҚ-да
Сенің					
Сіздің					
Оның					
Атамның					
Әжемнің					
Әкеңнің					
Анаңның					
Ағаларыңыздың					

№ 6 – жаттығу. Көп нүктенің орнына -нікі, -дікі, -тікі тәуелдік жалғауларының тиістісін қойып жаз.

- 1) «Диуани луғат ат-түрк» атты еңбек – Махмұд Қашқари...
- 2) «Диуани хикмет» атты еңбек – Қожа Ахмет Яссауи...
- 3) «Айттым сәлем, Қаламқас», «Көзімнің қарасы» әндері – Абай...
- 4) Қазақтың ержүрек, мерген, батыр қызы Әлия Молдағұлова – Ақтөбе...
- 5) «Боранды бекет» атты роман – Шыңғыс Айтматов...
- 6) «Алты шаһардың, яғни Қытайдың Нан-Лу провинциясының, шығыстағы алты қаланың жайы» атты еңбек – Шоқан Уәлиханов...
- 7) «Абай жолы» эпопеясы – Мұхтар Әуезов...

- 8) Қаланың орталығында орналасқан әдемі биік ғимарат – университет...
- 9) Ауылымыздағы ең үлкен үй - Жания...
- 10) Қабырғада ілулі тұрған сурет – Сәния...

§ 4. Жіктік жалғау.

Жіктік жалғауы – қимыл иесінің кім екенін білдіру үшін қолданылатын қосымша, ол сөз бен сөзді жақ жағынан қиыстырып тұрады.

Жіктік жалғаулар кестесі

	<i>Жекеше түрі</i>		<i>Көпше түрі</i>	
<i>I жақ</i>	<i>Мен</i>	<i>-мын/-мін, -бын/-бін, -пын/-пін</i>	<i>Біз</i>	<i>-мыз/-міз, -быз/-біз, -пыз/-піз</i>
<i>II жақ</i>	<i>Сен</i>	<i>-сың/-сің</i>	<i>Сендер</i>	<i>-сың+дар/-сің+дер</i>
<i>II жақ</i>	<i>Сіз</i>	<i>-сыз/-сіз</i>	<i>Сіздер</i>	<i>-сыз+дар/-сіз+дер</i>
<i>III жақ</i>	<i>Ол</i>		<i>Олар</i>	

№ 1 – жаттығу. Мына диалогты қазақ тіліне аудар. Ондағы жіктік және тәуелдік жалғауларын көрсет.

- Здравствуйте, как Вас зовут?
- Меня зовут Мария.
- Какая у Вас фамилия?
- Моя фамилия – Малышева.
- У Вас есть сестра?
- Да, у меня есть сестра.
- Как ее зовут?
- Ее зовут Дарья.
- Есть ли у Вас брат?
- Да, у меня есть два брата.
- Как зовут Ваших братьев?
- Моих братьев зовут Александр и Павел.
- А как зовут Ваших родителей и кем они работают?
- Моего отца зовут Василий Петрович, он – врач. Мою маму зовут Нина Николаевна, она – учительница.
- А какая у Вас будущая профессия?
- Моя будущая профессия – юрист.

№ 2 – жаттығу. Сөйлемдерді қазақ тіліне аудар. Жіктік жалғауларды көрсет.

- 1) Я хороший студент. Я ежедневно готовлюсь к занятиям. Я хожу в читальный зал, читаю книги. Я стараюсь стать хорошим специалистом. Ты же плохой студент, потому что ты - ленивый. Ты не ходишь в библиотеку, в читальный зал, не читаешь. Ты ни о чем не думаешь.

- 2) В вашем доме за продуктами в магазин ходят ваши родители. Они стоят в очереди, платят деньги, приносят продукты домой. А вы не ходите в магазин, не помогаете родителям, не думаете о них. Это не хорошо.
- 3) Наша квартира хоть и не большая, но очень хорошая, чистая. Потому что мы ее убираем, пылесосим ковры, моем окна, двери и полы. А ваша квартира хоть и просторная, не чистая. Потому что вы не убираетесь, не вытираете пыль с мебели, не моете полы. Это не правильно.

№ 3 – жаттығу. Берілген сөздерді жекеше және көпше түрде жікте. Өзің қалаған 5 сөзбен сөйлем құрастыр.

Студент, экономист, заңгер, мұнайшы, инженер, аспаз, ұстаз, әртіс, адам, қазақ (орыс, әзірбайжан, лезгин, украин т.б.), менеждер, турист, маркетинг, геолог, педагог, аудармашы, елші, консул.

№ 4 – жаттығу. Мәтінді оқып, мазмұнын түсіндір. Жіктік жалғаулы сөздерді тауып, дәптеріңе жаз.

Абайдың 17-ші қара сөзі.

Ақыл, қайрат, жүрек және ғылым.

Қайрат, ақыл, жүрек – үшеуі өнерлерін айтысып, таласып келіп, ғылымға жүгініпті. Қайрат айтыпты:

- Ей, ғылым, өзің білесің, дүниеде еш нәрсе менсіз кәметке жетпейді, әуелі өзіңді білуге ерінбей үйрену керек, ол – менің ісім. Дүниеге лайықты өнер, мал тауып, абырой, мақсатты еңбексіз табуға болмайды. Болымсыз нәрсеге үйір қылмай, бойды таза сақтайтын, көрсеқызар жеңілдіктен құтқаратын мен емес пе? Осы екеуі маған қалай таласады?

Ақыл айтыпты:

- Не дүниеге, не ақыретке не пайдалы болса, не залалды болса, білетін мен, менсіз пайданы іздей алмайды екен, залалдан қаша алмайды екен, ғылымды игере алмайды екен, осы екеуі маған қайтіп таласады? Менсіз өздері неге жарайды?

Жүрек айтыпты:

- Мен адам денесінің патшасымын, қан менен тарайды, жан менде мекен қылады, менсіз тіршілік жоқ. Жұмсақ төсекте, жылы үйде, тамағы тоқ жатқан кісіге төсексіз, аш кедейдің жайын ойлататын – мен. Үлкеннен ұят сақтап, кішіге рақым қылдыратын – мен, бірақ мені таза сақтай алмайды. Мен таза болсам, адам баласын аламаймын, жақсылыққа елжіреп еритін – мен, жаманшылыққа жиреніп, тулап кететін – мен, әділет, ынсап, ұят, рақым, мейірбандылық менен шығады, менсіз осылардың көрген күні не? Осы екеуі маған қалай таласады?

Сонда ғылым бұл үшеуінің сөзін тыңдап болып, айтыпты:

- Ей, қайрат, сенің айтқандарыңның бәрі рас-ақ. Ол айтқандарыңнан басқа да көп өнерлеріңнің бары рас, бірақ қаруыңа қарайқаттылығың да мол,

пайдаң да мол, залалың да мол, кейде жақсылықты берік ұстап, кейде жамандықты берік ұстап кетесің, соның жаман.

- Ей, ақыл, сенің айтқандарыңның бәрі рас-ақ. Сенсіз ешнәрсе табылмайтыны рас. Тәңіріні де сен танытасың, екі дүниенің жайын да сен білесің. Бірақ сонымен бірге, амал да, айла да – бәрі сенен шығады.
- Қайрат, сенің қаруың көп, күшің мол, сенің де еркіңе жібермейді. Орынды іске күшіңді аятпайды ғой. Орынсыз жерге қолыңды босатпайды. Осы үшеуің басыңды қос, бәрін жүрекке билет.

Осы үшеуің бір кісіде менің айтқанымдай табылсаңдар, қасиетті адам сол. Үшеуің ала болсаң, мен жүректі жақтадым.

§ 5. Септік жалғау.

Септік жалғауы көптік жалғауы секілді сөз бен сөздің арасын байланыстырып, оларды өзара қарым-қатынасқа түсіреді. Септік жалғау дегендегі «септік» деген термин «сеп» (жәрдем, көмек, дәнекер) деген ұғымды білдіреді. Осы сөзден туған «септеу» деген сөз екі түрлі мағынада жұмсалады: бірі – екі нәрсені (жіпті) жалғау, ұластыру; екіншісі – сөздердің септік жалғауларын қабылдап өзгерту жүйесі.

№ 1 – жаттығу. Белгіленген атау тұлғадағы сөздерге сұрақ қойып, құрамын анықта.

1. **Қыс.** Ызғарын сезгесін-ақ күзеуде отырған *ел* қыстауға асығыс көшіп, қор-қопсының қамын жеп, қай *ауыл* да абыр-сабыр. Оның үстіне *суық* түскелі, қырды қыстайтын көп ауыл көгеріп, дірдектеп тоңып, кішкене қылтанақ *тістері* сақ-сақ етеді.
2. **Жанды қара** жоқ... Бірен-саран шалшақ сулардың басында ұйлығып отырған топ-топ қаздарды көрсең.
3. **Жолдасым** – отыз-қырықтардың шамасындағы *жер ортасы адам*. Сиректеу *сақал-мұрты* бар, қара бұжыр. Астында қойшылар мінген қара кер бесті, үсті-үстіне ұрып отырмаса, кейін қалып қоя береді.
4. Сол көп сарыңның ішінде екі-үш рет алыстан атылған мылтық *даусы* гүрс-гүрс етіп естіліп қалды.

№ 2 – жаттығу. Мәтінді ішінен атау тұлғадағы сөздерді тап. Олардың сөйлемде қандай қызмет атқарып тұрғанын айт.

1. Кентау – жаңа типтегі жас қала. Кентауды кішкентай Алматы деуге де болады. Оның ірге тұсында Қаратау 1954 жылы картаға түсірілді.
2. Ағаш ішіндегі ең қызулы отын – сексеуіл. Сексеуілдің жаңа ғана жарылған дымқылының өзі бірден жалыны көгілдірленіп, лаулап жанады.
3. Жақсылық басқарған ауданда шаруасы күйзелген жер жоқ. Колхозды ауылдың дәулеті дамудан ешбір төмендеген емес...

№ 3 – жаттығу. Мақал-мәтелдерден ілік септіктегі сөздерді тап, оларға сұрақ қой, жалғауларын көрсет. Мақал-мәтелдердің мазмұнын түсіндір.

- 1) Тойдың болғанынан, боладысы қызық.
- 2) Арыстанның ойынынан түлкінің мойыны үзіледі.
- 3) Өзілдің алысқа бармағаны жақсы.
- 4) Сыйласқанның суын іш.
- 5) Аспаздың қарыны асқанына тояды.
- 6) Тышқанның тәңірі – мысық.
- 7) Шын аңшының алдына аңның өзі келеді.

№ 4 – жаттығу. Мына мақал-мәтелдерді дәптеріңе көшір. Жақшадағы сөздерді ілік септікке қойып жаз. Мақал-мәтелдердің мазмұнын түсіндір.

- 1) (Бақыт) алды – келісім.
- 2) Ас – (адам) арқауы.
- 3) Әр (бас) ауруы әр басқа.
- 4) Сүйген (іс) түбі – кеніш, сүймеген (іс) түбі – реніш.
- 5) (Қыс) да, (іс) де соңы бар.
- 6) Қар қара (жер) көрпесі.
- 7) Жаз – (жетім) жанашыры.
- 8) (Жаз) қамын қыс ойла, бір ойлама үш ойла.
- 9) (Сыр) суы сирағымнан келмейді.
- 10) Су – (диқан) қаны, жер – (диқан) жаны.
- 11) Туған (жер) жері де көрікті, елі де сүйікті.
- 12) Туған (жер) қадірін шетте жүрсең білерсің.
- 13) (Ән) естісі бар, есері бар.
- 14) (Өнерлі) өрісі ұзақ.
- 15) (Өнерлі) қолы алтын, (өлеңші) сөзі алтын.

№ 5 – жаттығу. Мәтінді көшір. Көп нүктенің орнына ілік септіктің -ның/-нің, -дың/-дің, -тың/-тің жалғауларының тиістісін жаз.

Жания Әубәкірова – фортепьяно шебері

Жания Әубәкірова – фортепьяно мамандығын сүйіп қалап, бар өмірін оны жетілдіруге арнаған адам. Ол Мәскеуде Л.Н.Власенко, М.Плетнев сияқты атақты пианисттерден тәлім тәрбие алған.

Пианисттер үшін концерттер... маңызы зор, Жания... қанша концертке қатысқанын айтып жеткізу қиын. Концерт... әрқайсысы өзінше қуаныш әкеледі, көңілде өзінше сүйкімді із қалдырады. Мәскеудегі Ласло Польшара концертінде Жания пианинода ойнағанда, Жания... музыкалық талантын жоғары бағалаған Ласло Польшара Жанияны венгер операсына шақырды. Ұлы дирижер Геннадий

Рождественскиймен оркестр... концертіне қатысқандағы тамаша сезіміне Жания өзі де таңғалады.

Жания Әубәкірова шетелдерде концерттерге көп қатысқан, ол Франция, Германия, Швейцария, Испания, Оңтүстік Корея, Қытайда концерттерге қатысқан.

Жания Әубәкірова дүниежүзілік конкурстар... лауреаты. 1983 жылы Парижде Маргарита Лонг және Исак Тибо атындағы конкурста Гран приді жеңіп алды. Екі жылдан соң Гауһар Мурзабековамен бірге камералық оркестр... халықаралық конкурсында да жоғары жеңіске жетті.

Жания Әубәкірова жас таланттарды дайындау ісімен ерте айналысады. Ол әуелі колледж ашты, одан кейін 1997 жылы Жания Алматы консерваториясы... ректоры болып тағайындалды. Бұл салада Жания таланты басқаша жарқырап көрінді. Педагог, администратор, тамаша пианист сияқты сегіз қырлы, бір сырлы Жания халық... әлемге әйгілі үлкен мақтанышы.

№ 6 – жаттығу. Мына мақал-мәтелдерден барыс септігінде тұрған сөздерді тауып, оларға сұрақ қойып, барыс септік жалғауларын көрсет. Мақал-мәтелдердің мазмұнын түсіндір.

- 1) Жаманға жан жуымас, жалқауға мал жуымас.
- 2) Өнерліге есік ашық.
- 3) Білімдіге дүние жарық, білімсіздің күні кәріп.
- 4) Қазанға түскен қайтып қапқа түспейді.
- 5) Аласыға алтау аз, бересіге бесеу көп.
- 6) Біреуге мал қайғы, біреуге жан қайғы.
- 7) Жоққа жүйрік жетпейді.
- 8) Шөлдегенге қара су да бал татыр.
- 9) Бай атқа мінсе – құтты болсын дейді,
Кедей атқа мінсе – қайдан алдың дейді.

№ 7 – жаттығу. Мәтінді көшір. Көп нүктенің орнына барыс септіктің -ға/-ге, -қа/-ке, -на/-не, -а/-е жалғауларының тиістісін жаз.

Жаз

Жаз айлары: маусым, шілде, тамыз. Жазда күн ысиды. Ағаштар жасыл түс... боялып, айнала әсем гүл... толады. Көл, өзен, теңіздер адамдарды шақырып, қуана құшағы... алады. Сондықтан жазғы ыстықта адамдар салқын су... түсуге, суда жүзу... құштар. Жаз айларында адамдардың көбі демалыс... шығады. Қыстай сағына күткен демалысын адамдар өзен, теңіз жағасындағы санаторийлерде өткізуді, шетелдер... саяхат... баруды жоспарлап жүреді. Жаз шығысымен адамдар осы жоспарларын іске асыру... асығады. Жақсы санаторийлерде демалып, түрлі шетелдерде әлемнің талай тамашаларын көріп, демалыс уақытын әрі пайдалы, әрі көңілді өткізген адамдар қуана-қуана елі... оралады. Олар достары..., туыстары... шетелде көрген-білгенін бар ынтасымен әңгімелейді. Жаз халықты жемісімен қуантады. Жаз айларында құлпынай, шие,

алмалар піседі. Витамин... бай жемістер әрі дәмді, әрі денсаулық... пайдалы, оны жегің келе береді. Мен жазды жақсы көремін.

№ 8 – жаттығу. Мәтінді оқып, мазмұнын айт. Мәтін ішінен барыс септікте тұрған сөздерді дәптеріңе көшіріп жаз.

Қазақтың данышпан ұлы – Абай Құнанбаев

Қазақ халқының ұлы ақыны Абай 1845 жылы Семей облысының Абай ауданында туған. Абай – ақын, ағартушы, философ, қазақтың жазба әдебиетінің негізін қалаушы. Абайдың әкесі Құнанбай аға сұлтан болған, өз елінің беделді адамы. Шешесі Ұлжан қайырымды, мінезі жұмсақ, тілге бай адам болған. Әжесі Зере мен анасы Ұлжан Абайға ертегі, аңыз әңгімелерді айтып, халықтық ауыз әдебиетімен таныстырып отырған. Молдадан 3-4 жыл оқығанда, зеректігі байқалып, әкесі оны Семейдегі Ахмет Риза медресесіне оқуға жібереді. Медреседе ол 4 жыл оқығанда, араб, иран, Орта Азия классиктерінің шығармаларымен танысқан. Әкесі Абайды ел басқару ісіне бейімдеу үшін оқудан қайтарып алады. Семейде жүргенде Абай орыс тілін үйрену үшін 3 ай орыс мектебінде оқиды. Абай қазақтың білгірлері, шешендері, ақындары, жыршы, әнші-күйшілерімен жиі кездесетін, өз халқының рухани мәдениетімен танысады. Өзі де билер үлгісінде шешен сөйлеуге жаттығады. Өлең жазуға бала жасынан әуестенгенімен, бірыңғай өлең жазуды 40 жасында бастайды. Абай Пушкиннің, Лермонтовтың, Крыловтың шығармаларын аударған. Абай өзі аударған Пушкиннің «Татьянаның әні» және «Қараңғы түнде тау қалқып» деген өлеңдеріне ән де шығарған. Абайдың «Айттым сәлем, Қаламқас», «Көзімнің қарасы» - қазір де халықтың сүйіп айтатын әндері. Демек, Абай композитор да болған. Абай – дүние жүзіне таныс классик ақын, өлең, шығармалары орыс тіліне, шетел тілдеріне көп аударылған. Абайдың кара сөздері – философиялық тұжырымдарға толы, ақыл-ой толғаулары – қазір де өте мәнді, мазмұнды шығарма. Абай 1904 жылы қайтыс болды. Ол өз шығармаларының кітап болып басылғанын көре алмады. Абай өлгеннен кейін – 1909 жылы Петербургте «Қазақтың ақыны Ыбырайым Құнанбайұлының өлеңдері» деген атпен кітап шықты. Қазақтың ұлы жазушысы Мұхтар Әуезов «Абай жолы» эпопеясын Абай өміріне арнады. Бұл роман да көптеген шетел тілдеріне аударылған, ол Абайды дүние жүзі халықтарына таныстырды.

№ 9 – жаттығу. Мына мақал-мәтелдерден табыс септігінде тұрған сөздерді тауып, оларға сұрақ қойып, табыс септік жалғауларын көрсет. Мақал-мәтелдердің мазмұнын түсіндір.

- 1) Ескі киімді баптағаның, жаңа киімді сақтағаның.
- 2) Жұмыртқаны жегенің – тауықты құрттым дегенің.
- 3) Жақсыны арман алдырар, жаманды құлқын тоздырар.
- 4) Бермегенді беріп ұялт.
- 5) Суды шым тоқтатар, сөзді шын тоқтатар.
- 6) Таршылықты көрмесең, кемшілікті білмессің.

- 7) Үлкенді сен сыйласаң, кіші сені сыйлайды.
- 8) Әкені көріп ұл өсер, шешені көріп қыз өсер.

№ 10 – жаттығу. Мәтінді көшір. Табыс септікте тұрған сөздердің астын сыз.

Күз

Күз – жыл мезгілінің халыққа жайлы да қуанышты кезеңі. Күзде халық өз еңбегінің жемісін көріп қуанады. Егіншілер өсірген бидайын, арпасын, тарысын жинап, қамбаларын толтырады. Бақташылар қауын-қарбыз, сәбіз, қияр, қызанақ, асқабақ, картоп, пияздарын жинап, ол көкөністерді қысқа сақтаудың қамына кіріседі.

Күз – табиғаттың да тамаша кезеңі, оны халық «алтын күз» деп бекер атамаған. Өйткені жап-жасыл ағаштар бірте-бірте сарғаяды, түрлі түске боялып, табиғатқа өзінше әсемдік береді.

№ 11 – жаттығу. Мәтінді қазақшаға аудар. Мәтін ішіндегі табыс септікте тұрған сөздердің астын сыз.

Чокан Валиханов

Чокан Чингисович Валиханов – выдающийся казахский ученый, просветитель и демократ. Его путешествия на Тянь-Шань в Джунгарию, Восточный Туркестан, научные труды и исследования явились важным вкладом не только в русское, но и мировое востоковедение. Он одним из первых поведал миру о неведомой и загадочной Кашгарии, написал ряд интересных исследований об этой колониальной окраине Царской империи, сообщил ценные сведения по истории, этнографии и политическом положении Средней Азии, оставил оригинальные труды по истории Казахстана.

Чокан Валиханов прожил короткую, но яркую жизнь. Он родился в ноябре 1835 г. в семье султана Чингиса Валиханова – внука знаменитого казахского хана Абылая. Отец Чокана был образованным человеком. В 1834 г. он закончил училище Сибирского литейного казачьего войска в г. Омске, затем был на различных должностях в аппарате управления Сибирскими киргизами (казахами Среднего жуза), дослужился до звания полковника царской армии и даже получил наследственное дворянство.

№ 12 – жаттығу. Мәтінді көшір. Көп нүктенің орнына табыс септіктің -ды/-ді, -ты/-ті, -ны/-ні жалғауларының тиістісін жаз.

Тамақ түрлері

Біздің қандай тамақ түрін жейтініміз тұрған жерімізге байланысты. Мәселен, Қытайдың оңтүстігіндегілер күріш..., ал солтүстігіндегілер кеспе... көбірек жейді. Жапон елінде адамдар балық..., ал теңізден қашық жатқан Орталық Европада ет тағамдар... молырақ пайдаланады.

Тамақ... қалай, немен жеу де әр елде әр түрлі. Мысалы, Солтүстік Америкада, Австралия мен Европада пышақ пен шанышқы... пайдаланса,

Қытай, Жапон елдері қос таяқша... пайдаланады, ал Үндістан және Таяу Шығыс елдеріндегі адамдар тамақ... қолмен жейді.

№ 13 – жаттығу. Мәтінді көшір. Жақшадағы сөздерді табыс септікке қойып жаз.

Қазақ – қонақжай халық

Қазақ халқы танымаса да, «құдайы қонақпын» деген (адам) қарсы алады. Жол жүріп келе жатқан адам кез келген ауылға, үйге келіп қонақ бола береді. қазақ халқында «қырықтың бірі қыдыр» деген сөз бар. Бұл сөздің мағынасы: «Алланың жіберген сыйы қырық адаммен бірге келуі мүмкін». Сондықтан «қонақпен бірге құт, ырыс келеді, (қонақ) қусаң құт, ырыс кейін қашып кетеді» деген сөз бар.

Қазақ үшін (қонақ) қарсы алмау, күтпеу – ұят. (Қонақ) қарсы алуға, шығарып салуға ерекше мән береді. Қонақ келгенде үй иесі қарсы алып, (есік) өзі ашып, үйге кіргізіп, өзі қонақтардан кейін кіріп (есік) жабуы керек. Бұл – қонақпен келген «құт», «ырыс» бірге кірсін дегені. Ал (қонақ) шығарып саларда, (есік) қонақтарға аштырып, соңынан өзі жауып шығады. Бұл – «құт», «ырыс» қонақтармен бірге шығып кетпесін дегені.

Қонақ күту – қазақ халқының ең жауапты ісі. (Олар) риза етуге тырысады. Ең алдымен қонақтарға қымыз, шұбат сияқты сусын беріледі. Содан кейін шай ішіледі. Шайдан кейін қонақтардың көңілді отыруына үй иесі бар жағдайды жасайды. Ауылдағы (әншілер), (күйшілер) шақырып, қонақтардың көңілін көтереді. (Қонақ) жақсы қарсы алған үй туралы «мырза үй», ал (қонақ) дұрыс қарсы алмаған (үй) «сараң» дейді.

Осы дәстүр қазір де бар. Шетелден келген қонақтар «Қазақ халқы – қонақжай халық» деп бекер айтпайды.

№ 14 – жаттығу. Мәтінді көшір. Көп нүктенің орнына жатыс септіктің -да/-де, -та/-те, -нда/-нде жалғауларының тиістісін жаз.

Араб жазуы

Араб жазуы – ежелгі Вавилондағы (б.з.б. 2000 жыл) аккад, шумер тайпаларының жазба әріптері негізі... пайда болған көне жазулардың бірі. Ол оңнан солға қарай жазылады. Бас әріптері болмайды. Әріптер бір-біріне қосылып жазылады. Араб жазуы... 28 әріп бар. Олардың үшеуі (а, и, у) созылыңқы дауысты дыбыстарды, қалғандары дауыссыз дыбыстарды бейнелейді. Дауыссыз дыбыстардың асты-үстіне харакаттар (көмекші белгілер) қойылады. Бұл белгілер құран..., сөздік..., оқу құралдары... міндетті түрде қойылады. Олар қалған кездер... қойылмауы мүмкін. Араб жазуы қазіргі кез... барлық араб елдері..., ислам дінін ұстанатын бірқатар мемлекеттер... (Индонезия, Үндістан, Ауғанстан, Кавказ елдері және Орта Азия...) қолданылады. Қазақстан... араб жазуы ислам діні арқылы ҮІІ-ІХ ғасырлар аралығы... таралған. Әбу Насыр әл-Фараби, Қожа Ахмет Иассауи, Сүлеймен Бақырғани т.б. ғұламалар араб жазуын өздері туып-өскен орталары... үйренген, сол дәуірлер... арабша оқытатын медреселер болған. Араб жазуы алғашқы...

«қадым», кейін «төте» жазу үлгілері түрі... Қазақстан жері... 1928 жылға дейін падаланылып келді.

№ 15 – жаттығу. Мына мақал-мәтелдерден жатыс септігінде тұрған сөздерді тауып, оларға сұрақ қойып, жатыс септік жалғауларын көрсет. Мақал-мәтелдердің мазмұнын түсіндір.

- 1) Қолында жоқ – жомарт.
- 2) Әзілде кек жоқ, өсекте шек жоқ.
- 3) Саудада достық жоқ.
- 4) Қантарда қалпақ киім болмайды.
- 5) Ашаршылықта жеген құйқаның дәмі кетпейді.
- 6) Жасыңда қылжың болсаң, өскенде мылжың боларсың.
- 7) Әр заманда бір көреген.
- 8) Ашу үстінде ант жүрмейді.

№ 16 – жаттығу. Мәтінді аудар. Мәтін ішіндегі жатыс септікте тұрған сөздерді көрсет.

Газет тарихынан

Қазіргі заманғы газеттердің әуел бастағы ізашарлары ежелгі Шығыс қалаларында жұрт көп жиналатын жерлерге ілініп қойылатын жаңалықтар мен ресми хабарлардың жинақтары болды деуге келеді. ХҮІ ғасырда Венецияда жаңалық хабарларды жинақтайтын бюролар құрылып, «жаңалық жазатын» кәсіп пайда болды. Осы бюрода жаңалық жазатындар шығаратын қолжазба парақтар Венецияның сол кездегі «газетта» деп аталатын мәнетіне сатылатын еді. 1631 жылы француздың Ремадо деген кәсіпкері Парижде «La gazette» деп аталатын мерзімді басылым шығара бастағаннан кейін «газет» деген сөз осы күнгі мағынасында кеңінен тарады. Газет шығару ісі қағаз көп жасала бастаған заманда барынша өркендеді.

Біздің елімізде қазақ тіліндегі алғашқы газет – «Түркістан уалаятының газеті» 1870-1882 жылдары шығып тұрған. Патша үкіметінің отаршылдық билігін нығайту мақсатында шығарылғанына қарамастан, газетте қазақ халқының тарихы, әлеуметтік-экономикалық жағдайы, мәдениеті мен фольклоры жөнінде көптеген материалдар жарияланып тұрды.

№ 17 – жаттығу. Мәтінді көшір. Жақшадағы сөздерді жатыс септікке қой.

Қазақ кітаптарының басылуы

Қазақ (тілі) кітап бастыру ісі Қазақстанның Ресейге қосылуынан кейін ХІХ (ғасыр) басталады. Алғашқы қазақ кітаптары (Петербург), (Қазан), (Орынбор), (Омбы), (Ташкент) басылды. Көп кітаптар Қазан университетінің Каримовтар мен Хусаиновтардың (баспалары) шығып тұрды. Қазақ кітабының тарихы Қазан гимназиясының (баспаханасы) жарық көрген «Сейфілмәлік» кітабынан басталған. Шығыс сюжетінен алынған бұл дастан – революцияға

дейінгі ең көп басылған кітап. Сонымен қатар 1831 жылы (Қазан) «Иғланнама», 1840 жылы «Қисса-Шәкір-Шәкірат», 1848 жылы «Хатымтай жомарт», 1857 жылы «Мансұрұлы-халлаж» атты кітаптар басылып шықты. Ал А.Е.Алекторовтың 1900 жылы (Қазан) шыққан «Указатель книг, журнальных и газетных статей и заметок о киргизах» атты көрсеткішінің күні бүгінге дейін маңызы зор.

№ 18 – жаттығу. Мына мақал-мәтелдерден шығыс септігінде тұрған сөздерді тауып, оларға сұрақ қойып, шығыс септік жалғауларын көрсет. Мақал-мәтелдердің мазмұнын түсіндір.

- 1) Құдықтан су ішкен – қазғанға рахмет айтады,
Ағашты көлеңкелеген – еккенге рахмет айтады.
- 2) Қотыр қолдан жұғады, таз тақиядан жұғады.
- 3) Кешегі күннен алыс жоқ, ертеңгі күннен жақын жоқ.
- 4) Жаманнан жарты қасық ас қалар.
- 5) Көптен дәметкен – аздан құр қалар.
- 6) Есіктен орын тапсаң – төрге озба.
- 7) Қой ауызынан шөп алмас.
- 8) Кішіпейілділіктен кішіреймейсің.
- 9) Қойдан қалған қозы қасқырға тап болады.
- 10) Екі жүзді пышақтан сақтанба,
Екі жүзді адамнан сақтан.

№ 19 – жаттығу. Мәтінді көшір. Көп нүктенің орнына шығыс септіктің -дан/-ден, -тан/-тен, -нан/-нен жалғауларының тиістісін жаз.

Тұңғыш мүсінші

Хакімжан Есімханұлы Наурызбаев 26 жасында Харьков қаласы... Мемлекеттік сурет институтының мүсіндеу факультетін бітірді. Талантты студенттің дипломдық жұмысы – «Жас шахтер» мүсіні Донбасс өңіріндегі қалалардың көпшілігінде көше көркі, бақ сәні болып тұр. Жалпы қазақта тас мүсін өнері сонау Қола дәуірі... бастау алған. Оған Республикамыздың әр өңірі... табылған бет әлпеті мен бітім тұлғалары бір сыдырғы келбетті тас мүсіндер дәлел бола алады. Осындай ықылым заман... ішіне құпиясын бүккен тастар сырын ашуды мақсат еткен жас мүсінші еліміздің атақты адамдарының бейнелерін сомдай бастады.

Бұл күндері Алатаумен астасқан Абай ескерткішін кім білмейді? Кәрі де, жас та алдына барып тағзым етеді, гүл шоқтарын қояды. Шоқан, Амангелді ескерткіштері ұлттық мәдениет өнеріміздің таңдаулы туындылары қатары... орын алды, халқымыздың көз қуанышына айналды.

Сондай-ақ ол жасаған Құрманғазының, Н.Алдабергеновтің мүсін портреттері де халық көңілі... шықты. «Жас Жамбыл», «Амангельді», «Бала Жамбыл» т.б. мүсіндері өнеріміздің мақтанышына айналды.

Осының бәрі – Хакімжан Есімханұлы Наурызбаев қолы... шыққан өшпес мұралар, шоқтығы биік монументтер.

№ 20 – жаттығу. Мәтінді қазақшаға аудар. Мәтін ішіндегі шығыс септікте тұрған сөздердің астын сыз.

Ұлыстың ұраны – Бекет

Маңғыстау, Үстірт өлкесі ежелгі мәдени және тарихи ескерткіштерге өте бай өлке. Республикалық дәрежедегі қорғауға жататын сондай ескерткіштердің бірі – Ескі Бейнеудегі Бекет Атаның Жер асты мешіті. Ол туралы 1821 жылдарда Үстіртте болған ғалымдардың бірі Э.Эверсман былай деп жазды: «Үстірттегі таудан қашап жасалған мешіт парсы, араб, татар жазуларымен безендірілген. Мұндай ескерткішті Бекет төрт жерден жасаған. Оның бірі – Маңғыстаудан қашық емес Оғландыда, екіншісі – Бейнеуде, үшіншісі – Жем бойында, төртіншісі – Арал жағасындағы Баялыда. Оның бірінде – қыста, бірінде – күзде, бірінде – көктемде, бірінде – жазда болады екен.»

Дәуірдің белгілі бір тұсында халықтың сеніміне берік орныққан, табиғи қасиеті, таланты, адамгершілік ұлағаты, кісілік пейіл-ниеті, зерде қорының теңдессіздігі ерекшелігімен дараланған, тарыққанда жәрдем, зарыққанда демеу тұтқан адамдары болғандығы тарихи дамудан, әр халық пен тайпалардың, ұлыстардың өмір өресінен айқын аңғарылатыны бекер емес. Маңғыстауды жайлаған Адай ұлысы әруақты перзенті Бекет Ата есіміне сиынған, қасиетіне табынған. «Жар бола гөр, Бекет Ата!» деп елін, жерін қорғаған батырлар ұран сап жауына қарсы шапқан. Қуанғанда да, қорыққанда да тіліне «Иә, Бекет!» сөзі оралған. Бекет атын ауызға алған адам қандай қиыншылықтан болса да жол тауып шығатындай көрінеді.

Ел санасында өшпестей боп орныққан Бекет Ата өмірде болған адам. Ол 1650 жылы Жем өзені бойындағы Ақмешіт деген жерде туған. Өзінің қасиетті дарынымен ол елден ерекше болды. Тауды қашап жер асты мешітін салды. Бекет – ел арасында ақыл-парасатымен, имандылығымен, әділдігімен «әулие» деген атаққа ие болған ірі тұлға. Оның қасиетіне, әруағына, табиғи дарынына, ерлігіне қатысты аңыз әңгімелер, шежірелер өте көп, олар ақиқаттығымен де ерекше.

Маңғыстаудағы аса киелі жер – Оғландыдағы Бекет Атаның мешіті. Ол салған мешіттер қасиетті орын есебіндеқадірленіп, сақталып келеді. Ұлыстың ұраны, сомдалған пірі Бекет Атаның шыққан тегі, қасиетінің танылуы, әруағының айбын танытуына қатысты шежірелік деректер ұрпақ санасын жаңғыртуға, сенімін беркіндіруге, имандылыққа жүгінуіне ауқымды өрістер аша алады.

(Т.Өтешов, А.Әбдіров)

№ 21 – жаттығу. Мәтінді көшір. Жақшадағы сөздерді шығыс септікке қой.

Домбыраның тарихы

Қазақтарда күйші, жырау, әншілердің шығармашылығымен көрсетілген классикалық кәсіби саздық дәстүр бұрын да болған. Саз өнері көшпенділердің өмірімен әрқашан бірге жүреді. Олар өнертапқыш адамдар еді, сондықтан саз аспаптарын іс жүзінде далада табылған материалдардың (барлығы): (қамыс), (ағаш), (саз), (сүйек), (мүйіз), (тұяқ) жасады.

Қойшылар әдетте қой отарларын сыбызғыда әуен ойнай жүріп бақты. Діни дәстүрлер кезінде кішкентай қоңыраулары бар аспап – асатаяқты естуге болады. Соқпалы аспаптардың үнімен жауынгерлер ұрысқа аттанады. Ақындар екі шекті домбыра мен жетігеннің сүйемелдеуімен ән салды.

Алматы облысындағы Майтөбе қойтасында табылған екі ішекті домбыраның бейнесі осы аспаптың негізі ертеде басталғанын көрсетеді. Көптеген (мыңжылдықтар) өтіп, осы күнге дейін қазақтың екі ішекті (тұмар-домбырасы) мүлде айырғысыз екі ішекті домбыраның үнімен хореографиялық квартет өміршендігін көрсетіп келеді. Орта Азия мен Қазақстан аудандарында аңшылар мен қойшылардың ең ежелгі тайпаларының арасында саз мәдениеті жақсы дамыған.

№ 22 – жаттығу. Мына мақал-мәтелдерден көмектес септігінде тұрған сөздерді тауып, оларға сұрақ қойып, көмектес септік жалғауларын көрсет. Мақал-мәтелдердің мазмұнын түсіндір.

- 1) Адам жүрген жермен адам жүреді, біреу білмегенді біреу біледі.
- 2) Кеңеспен шешкен шешімнің кемісі болмас.
- 3) Жаңбырменен жер көгерер, еңбекпенен ер көгерер.
- 4) Қыз еркем кестесімен көркем, ұл еркем өнерімен көркем.
- 5) Ғылыммен жақын болсаң – қолың жетер,
Залыммен жақын болсаң – басың кетер.
- 6) Наданмен дос болғанша, кітаппен дос бол.
- 7) Аш ақылмен тоқ болмайды.
- 8) Атпен ойнаған тайдың жілігі сынады.

№ 23 – жаттығу. Мәтінді көшір. Көп нүктенің орнына көмектес септіктің -мен, -бен, -пен жалғауларының тиістісін жаз.

Қажымұқан

Қазақтың атақты палуаны, классикалық күрестің асқан шебері Қажымұқан Мұңайтпасов 1887 жылы дүниеге келген. Ол Петербургте, бүкіл Ресейге «Ваня ағай» деген ат... белгілі болған. Қажымұқан И.В.Лебедевтің тәрбиесінде болып, цирк әртісінің өнерін үйренді. 1908 жылы ол әлем чемпионы Георг Лурих ұйымдастырған чемпионаттарға қатысып, алғаш «Ямогата Муханура» деген бүркеме ат... аренаға шықты. 1909 жылы Рига

қаласында өткен дүниежүзілік біріншілікте ол 1-орынды жеңіп алды. Қажымұқан Ресей палуандары... 1911 жылы Оңтүстік Американы аралады. Сол 1911 жылы Варшавада өткен дүниежүзілік чемпионатта ол кіші алтын медаль... марапатталды. Сол сияқты Кабул, Тегеран, Харбин қалаларында «Қара Иван» деген атпен Ресей намысын қорғады. Қажымұқан 1927 жылы Орынборда өткен Одақтық чемпионатқа қатысып, көп ішінен 1-орынды жеңіп алды. Әйгілі Қажымұқан палуан өз өмірінде 48 алтын, күміс, қола медаль жеңіп алды. Оңтүстік Қазақстан облысының Темірлан селосында Қажымұқанның мұражайы ашылды.

№ 24 – жаттығу. Мәтін ішіндегі көмектес септікте тұрған сөздерді тауып, олармен сөйлем құрастыр.

Әлемдік әнші – Майра Мұхамедқызы

Майра Мұхамедқызы Қытайда туып, сонда білім алған. Мәскеудегі Чайковский атындағы вокалдық байқауға қатысу үшін Қытайда 3000 талапкер жарысқа түсіп, солардың ішінен 5 адам таңдалып алынды. Сол 5 әншінің бірі – Майра Мәскеуден абыроймен оралды.

Қазақстанға Майра 1994 жылы оралып, консерваторияда Нәдия Шәріпованың ұстаздығымен білімін жетілдірді. Қазір опера театрындағы қажырлы еңбегі үшін Қазақстан Республкасының еңбек сіңірген әртісі атағы берілді. Абай атындағы мемлекеттік опера және балет театрында «Қыз Жібек», «Травиата», «Ригалетто» секілді көптеген қойылымдарда басты рөлдерді орындайды.

Қазір Майра Мұхамедқызы дүниежүзілік биікке көтерілді. 2004 жылдан Париждің Гранд-операсы Майрамен келісім-шарт жасап, ол Лос-Анджелес, Вашингтон опера театрларында әнші болды. Францияның түрлі операларында Пуччинидің «Богемасында», Мейербердің «Африканкасында», Беллини, Доницетти, Верди сияқты композиторлардың операларында басты рөлдерде ойнаған. Францияның басқа да опера театрлары Майрамен 2007 жылға дейін келісім-шарт жасаған.

Майра Францияда әлемге әйгілі Рональдо Аланье, Анжело Жоржью, Марчелло Альварес сияқты т.б. ұлы әншілермен бірге ән айтқан. Мұндай дүниежүзілік дәрежедегі қазақ әншілерін көрсету өте қиын, олар бірлі-жарым. Майра Мұхамедқызы дүниежүзілік дәрежеге өзінің әншілік талантымен ғана емес, керемет еңбекқорлығымен жеткен.

№ 25 – жаттығу. Жақшадағы сөздерді көмектес септікке қойып жаз.

Дене мүшелері

Адамның дене мүшелеріне бас, мойын, қол, аяқ, тізе, шынтақ, саусақ, кеуде, қарын, иық т.б. жатады. Мұны адамның қаңқасы дейді.

Адамның бас мүшесінде шаш, бет, көз, құлақ, мұрын, ауыз, маңдай, шеке, иек, қас, ерін, тіс, тіл, таңдай т.б. мүшелер орналасқан.

Адамдар (бас) ойлайды, (көз) көреді, (мұрын) дем алады, (құлақ) естиді, (ауыз) тамақтанады, (тіл) сөйлейді, (тіс) тамақ шайнайды, (аяқ) жүреді, (қол) ұстайды. Бұлардың бәрі – (көз) көруге болатын дене мүшелері.

Бұлардан басқа (көз) көруге болмайтын ағзалар да бар. Оларды дәрігерлер жақсы біледі. Көзге көрінбейтін мына ғзаларды жеке адамдар да сезеді, олар: асқазан, бауыр, бүйрек, жүйке, жүрек, өкпе, тамақ, іш. Өйткені адамдар (бұлар) жиі ауырады.

Дене мүшелерін таза ұстау керек. Беті-қолды (сабын) жуып, тісті (тіс щеткасы) тазалап отыру керек. Шашты (шампунь) жиі жуып, құлақтың ішін сабынды (су) жуып тұру керек. Денсаулықтың кепілі – тазалық.

№ 26 – жаттығу. Жақшадағы сөздерді аудар, көмектес септікке қойып жаз.

- 1) Салатты (вилка) жейді.
- 2) Сүтті (стакан), шайды (пиала) ішеді.
- 3) Нанды (нож) кеседі.
- 4) Ботқаны (ложка) жейді.
- 5) Алыс жолға (самолет, поезд, машина) жүреді.
- 6) Хатты (почта) жібереді.

№ 27 – жаттығу. Мәтіндегі зат есімдердің септіктерін анықта. Мәтінді аудар.

Айман - әлем әртісі

Айман – көп балалы Мұсаходжаевтар отбасында дүниеге келген. Айманның әкесі: «Осы қызым өмірге келгелі төбем көкке, қолым айға жеткендей көтеріңкі көңілде жүрмін, қызымның аты айдай сұлу – Айман болсын», - деп, өз шешімін айтты. Айман деген есім жиналғандар көңілінен шықты, бірақ жылдар өткенде, осы Айман атты нәресте аты әлемге әйгілі скрипкашы болатынын, оған жер жүзіндегі ең зәулім театрларда ду қол шапалақтап қошемет көрсетілетінін, талантына хандар мен ханшайымдар бас иетініне ешкім көріпкелдік білдірмеген.

Ал Айман – 5 дүркін халықаралық конкурстардың лауреаты, Қазақстан Жастар одағының лауреаты, Қазақстан халық әртісі, көптеген жоғары оқу орындарының профессоры, Өзбекістанға еңбегі сіңірген әртіс, Халықаралық шығармашылық академиясының академигі, әлем әртісі.

Айман мектепте оқып жүрген кезінен бастап, концерттерге қатысып, кәсіби мамандыққа төселе берді. Күләш Байсейітова атындағы республикалық арнайы музыкалық орта мектепті ойдағыдай бітірді. Жыл сайын өткізілетін Күләш Байсейітова атындағы конкурста Айман тек бірінші орынды жеңіп алып, көзге түскен.

1976 жылы училищенің педагогикалық ұжымы Айманды күзде Мәскеуде өтетін Бүкілодақтық іріктеу сайысына қатысуға ұсынды. Іріктеу сайысының қорытындысында әділқазы алқасы бірауыздан Советтер Одағының халықаралық сайыста намысын тек қазақстандық Айман ғана қорғай алады деп шешті, Югославиядағы сайысқа Айман жолдама алды.

Белградта 20-27 қазанда 1976 жылы жас скрипкашылардың халықаралық сайысы өтеді. Белград сайысында Айман үлесіне тигені жүлделі төртінші орын үшін берілген диплом, орындаушылық таланты үшін тағайындалған югослав музыканты Бранко Паевич атындағы сыйлық пен диплом, көрермендер белгілеген «Алтын арфа» жүлдесі болды.

Белград сайысынан кейін Айманды музыка әлемі жақсы тани бастады және музыка әлемінде «Жана жұлдыз пайда болды» деген мақалалар жарық көре бастады.

Мұнан кейін 1981 жылы Генуядағы, 1982 жылы Финляндиядағы, 1983 жылы Токиодағы т.б. бүкіл әлемдік конкурстарда Айман үнемі жүлдегерлер тобында орын алып келді. Айманның үлкен жетістіктерін халқымыз мақтаныш етеді.

№ 28 – жаттығу. Септік жалғауларына байланысты өлеңді жаттап алыңдар.

Септеу

Атау

Барлығына үлгі болар, қарақтар,
Байсалды да, ақылды да **Марат** бар.

Ілік

Жеке басым ең алдымен, **Мараттың**
Жасы үлкенді сыйлағанын жараттым.

Барыс

Сенбейсің бе күнделікті парақта:
Талай «бестік» қойылыпты **Маратқа**.

Табыс

Батыл емес дей алмайсың **Маратты**,
Сол үйретті ауылдағы бар атты.

Жатыс

Алғыссыз күн болған емес **Маратта**,
Жетеді онда ынта, жігер, талап та.

Шығыс

Қай өнер де табылады **Мараттан**,
Ән салғанда жұртты өзіне қаратқан.

Көмектес

Міне, сондай жақсы бала **Маратпен**
Дос бола алмай жүргендер де бар, әттең!

§ 6. Қосымшалардың орын тәртібі.

Жұрнақ сөз тудыратын, оны түрлендіретін сөз бөлшегі болғандықтан, үнемі түбірден кейін, жалғаулардан бұрын келеді. Жалғаулар сөз бен сөзді байланыстыратын, қарым-қатынасқа түсіретін қосымшалар болғандықтан, сөздің соңында келеді. Мысалы: үй (түбір) + шік (жұрнақ) + тер (жалғау).

Жалғаулардың бірнешеуі бір сөзге жалғанғанда, ең алдымен – көптік жалғауы, одан кейін – тәуелдік жалғауы, ең соңына – жіктік жалғауы жалғанады. Мысалы: үй (түбір) + шік (жұрнақ) + тер (көптік жалғау) + іміз (тәуелдік жалғау) + ге (септік жалғау).

Көптік жалғауының сөздерге 2 рет қайталанып келетін жағдайлары да болады. Мұндайда: бірінші – көптік жалғауы түбірге жалғанады да, ал екіншісі – жіктік жалғауынан ажыратылмайды. Мысалы: оқушы + лар (1-ші көптік жалғау) + сыңдар (2-ші көптік жалғау).

№ 1 – жаттығу. Кестені толтыр. Келтірілген мысал-сөздермен сөйлем құра.

- Үлгі: 1) Былтыр мектеп бітірген оқушыларымынның барлығы да жоғары оқу орындарына оқуға түсті.
2) Біздер Ш.Есенов атындағы КМТЖИУ-нің оқытушыларымыз.

Түбір	Жұрнақ	Көптік жалғау	Тәуелдік жалғау	Септік жалғау	Жіктік жалғау
оқу	шы	лар	ым	ның	-
оқыту	шы	лар	ы	-	мыз
...
...
...

№ 2 – жаттығу. Мына сөздерді үлгі бойынша құрамына қарай талда, аудар.

Үлгі: Малшыларыңызданбыз (мы от ваших животноводов)

Мал – түбір

шы – сөз тудырушы жұрнақ

лар – көптік жалғау

ыңыз – тәуелдік жалғау (II жақ сыпайы түрі)

дан – септік жалғау (шығыс септік)

быз – жіктік жалғау (I жақ көпше түрі)

Малшыларыңызданбыз, жолдастарымызға, еңбекшілердің, Ақтауданбыз, әке-шешелерінен, зейнеткерлерге, институттарыңызданбыз, қалашыларымызсыңдар, әжелеріміздей.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. А.Ш.Бектурова, Ш.К.Бектуров. «Қазақ тілінің грамматикасы». Алматы, «Атамұра», 2004.
2. А.Ш.Бектурова, Ш.К.Бектуров. «Қазақ тілі. Ана тілі деңгейінде үйрету құралы». Алматы, «Әділет» ЖҚМ, 1998.
3. Ш.К.Бектуров. «Қазақ тілі. Лексика. Фонетика. Морфология. Синтаксис». Алматы, «Атамұра», 2006.
4. Ш.К.Бектуров, К.А.Раисова. «Читаем газеты на казахском языке» учебное пособие. Алматы, ТОО «ИД-Эврика», 2003.
5. Ж.Н.Нығмет. «Қазақ тілі хрестоматиясы» оқу құралы. Алматы, «Білім», 2003.
6. Ж.Н.Нығмет. «Қазақ тілі». Фонетика. Жалпы білім беретін орыс мектебінің сыныптарына арналған дидактикалық материалдар. Алматы, «Нұрлы әлем», 2004.
7. Н.Оралбай, К.А.Құрманәлиев. «Қазақ тілі». Алматы, «Арыс», 2007.
8. Р.Әдісханова. «Жалғастырушы топтарға арналған оқу құралы». Алматы, 2000.
9. М.Ә.Қараев. «Қазақ тілі. Фонетика. Лексикология. Морфология. Синтаксис». Алматы, «Ана тілі», 1993.
10. К.Сариева. «Қазақ тілі. Оқыңыз, жаттығыңыз». Алматы, «Білім», 1997.
11. С.Жиенбаев, Ғ.Бегалиев, И.Ұйықбаев. «Қазақ тілі». Учебное пособие для самостоятельно изучающих казахский язык. Алматы, «Ана тілі», 1995.
12. Д.Х.Ақанова, А.М.Алдашева, З.Қ.Ахметжанова, Қ.Қ.Қадашева, Э.Д. Сүлейменова. «Ресми-іскери қазақ тілі». Алматы, «Арман-ПВ», 2002.
13. С.Е.Сарсенова. «Қазақ тілі». Экономика факультетінің жалғастырушы топ студенттеріне арналған оқу-әдістемелік нұсқау. Алматы, 2005.
14. А.А.Аймуханова. «Бастауыш топтарға арналған қазақ тілінің грамматикасы». Оқу құралы. Ақтау, 2007.

Мазмұны

Алғы сөз	4
Қазақ тілі – мемлекеттік тіл	7
ФОНЕТИКА. Фонетика туралы ұғым.	
Қазақ тіліндегі дауысты дыбыстар жүйесі.....	7
Қазақ тіліндегі дауыссыз дыбыстар жүйесі	8
Қазақ тіліне тән дыбыстар	9
Қазақ алфавиті	17
Үндестік заңы	19
Ықпал	19
Буын	20
ЛЕКСИКА. Лексика туралы ұғым. Бір мағыналы және көп мағыналы сөздер. Сөздің тура және ауыспалы мағынасы. Сөздіктер.....	22
Синонимдер. Омонимдер. Антонимдер.....	24
Фразеологизмдер	27
Диалект сөздер. Кәсіби сөздер	28
Кірме сөздер. Архаизмдер. Неологизмдер.	28
МОРФОЛОГИЯ: СӨЗ ҚҰРАМЫ. Морфология туралы ұғым. Морфема Және қосымша туралы жалпы мәліметтер. Жұрнақтар	30
Көптік жалғау	35
Тәуелдік жалғау	38
Жіктік жалғау	40
Септік жалғау	42
Қосымшалардың орын тәртібі	54
Пайдаланған әдебиеттер тізімі	56

Пішімі 60x84 1/12
Көлемі 59 бет 5 шартты баспа табағы
Таралымы 20 дана.
Ш.Есенов атындағы КМТЖИУ
Редакциялық - баспа бөлімінде басылды.
Ақтау қаласы, 27 ш/а.